

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ



**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ РУХАНИ
(ДІНИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ)
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ**



Астана, 2023

КІРІСПЕ

ІРУХАНИ(ДІНИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ)ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

1. Құндылықтардың қалыптасуы
2. Діни құндылықтар және оның шариғаттағы маңызы
3. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары

II ҚМДБ-НЫҢ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ

1. Ислам дінін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау
2. Мешіттердің салынуы мен қызмет сапасын көтеру
3. Діни оқу орындарын ашу және маман дайындау ісі
4. Уақып мәдениетін жаңғырту
5. Имандылыққа баулу шаралары
6. Құранға деген ықыласты арттыру (Қарилар дайындау)
7. Ас беру мәдениетін қалыптастыру
8. Зират пен зиярат мәдениетін қалыптастыру
9. Діни ағарту жұмысын ұйымдастыру
10. Жат ағымдардың алдын алу және оңалту
11. Жамағатты қайырымдылыққа ынталандыру
12. Қоғамдағы адамгершілікке жат әрекеттерге қарсы үгіт-насихат
13. Қазақстандық діни мектепті қалыптастыру шаралары

III ҚМДБ-НЫҢ ІРГЕЛІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ

1. Ана тілдің өміршендігіне қосқан үлесі
2. Салт-дәстүрді жаңғыртудағы рөлі
3. Би-шешендер мен қазақ ойшылдарының мұрасын насихаттау

4. Діни ағартушылардың мұраларын насихаттау
5. Аталардың рухани мұрасын насихаттау
6. Киелі орындарға рухани сапарлар ұйымдастыру
7. Батырлардың ерлігін насихаттау
8. Жастарды отаншылдық пен патриотизмге шақыру
9. Жастарды білім алуға үндеу
10. Өнер мен мәдениеттің қолдаушысы
11. Діни мерекелерді дәстүрге сай атап өту
12. Отбасылық құндылықтарды сақтаудағы рөлі
13. Ұлттық ойындарды насихаттау

ҚОРЫТЫНДЫ

КІРІСПЕ

Адам баласына атына лайық түрде өмір сүре білуі үшін құндылықтар жүйесі қажет. Құндылықтар адамның тұрмыс-тіршілігі, өмір-салты, діни әрі дүниелік таным-түсінігі негізінде қалыптасады. Құндылықтар – адам өміріне бағыт-бағдар беріп, мән сыйлайтын, жоғары адамгершілік қасиеттер жиынтығы. Адамның іс-әрекеттері қоғамда қалыптасқан құндылықтар негізінде бағаланады. Кез келген қоғамда ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасып келе жатқан діни және ұлттық құндылықтар жүйесі болады. Сонымен қатар бірқатар құндылықтар тарихи тәжірибе нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан барлық халық пен қоғамның өзіндік құндылықтары болады. Мәселен, ұлттық құндылықтардың тарихи өзіндік ерекшелігі бар. Яғни, Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және сол секілді көрініс тапқан қандай да бір ұлт өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы. Сол үшін әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, ұлттық санасы және т. б. белгілі бір жолмен үйлеседі.

Құндылықтар жүйесі – адамдардың қажеттіліктері мен қатар мүдделерін де белгілейді. Адамдар соған сай өмір сүріп, сол жолда жасампаз идеялар тудырады. Қоғам тіршілігінде рухани әрі материалдық құндылықтар қашан да өз ықпалын сездіріп тұрады. Материалдық дүниеде өмір сүргендіктен адам баласы көбіне материалдық игіліктерге басымдық беріп жатады. Түптеп келгенде материалдық құндылықтар тұрақты емес әрі салыстырмалы мәнге ие, ал рухани құндылықтар мәңгілік болғандықтан қашан да шешуші рөл ойнайды. Негізінен бұл екеуі – бір-бірін толықтырып тұратын нәрселер. Адамгершілік бастауы саналатын рухани құндылықтар адамның дүниеге деген қатынасын айқындап, өмір сүру пәлсапасын қалыптастырады, ізгі қоғам құру жолына бастайды. Жан дүние тазалығы, байлығы қоғам бағдарын белгілейді. Мәдениет пен өркениет көрсеткіші тек қана материалдық игіліктермен өлшенбейді, ол жоғары адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасып, дамиды.

Адам баласы жоғары адамгершілік құндылықтарды өмірінің өзегіне айналдыру арқылы қоғамды жамандықтардан, азғындықтан қорғайды. Діни-рухани құндылықтар адамды жаратылу мақсатына сай өмір сүруіне жетелеп, кемелдену жолына бастайды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни және ұлттық құндылықтардың сақталуы мен насихатталуына өзіндік үлесін қосып келеді. Құндылықтардың насихатталуы мен дәріптелуінде ілкімді істер мен ауқымды шаралар атқарып келеді. Бұл алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

І ДІНИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

1. Құндылықтардың қалыптасуы

Мейірімі шексіз Алла Тағала күллі ғаламды шеберлігімен жаратып, адам баласына ерекше мәртебе берді. «Махаббатпен жаратқан адамзатты» Хақ Тағала адам баласын «ахсану тақуим», яғни ең көркем бейнеде жаратты. Әлемдегі барша игіліктерді оның қызметіне ұсынып, «Өзінің рухынан үрлеп», жан сыйлады. Жаратқан Жаппар Иеміз адамды өзінің халифасы ретінде жолдап, бойына жер бетін көркейтетін қарым-қабылеттер дарытты. Күллі болмыс атаулыдан ерекшелеп, ақыл сыйлап, сөйлей алатын, көретін, еститін, ойланып, қорытынды шығара алатын, даналықпен әрекет ететін ардақты болмыс ретінде періштелердің өзіне бас иідірді. Таңдау еркін, ақ пен қараны ажырата алу қабілетін берді. Он сегіз мың ғаламның иесі Құран аяттарында өзінің адамға жақын екенін білдіру арқылы қаншалықты ардақты жаратылыс екенін ұқтырды. Ислам діні адам баласын тірі күнінде ғана емес, дүние салғаннан кейін де құрметті етті. Сонымен қатар Алла Тағала адам баласының мойнына қастерлі де қасиетті һәм ауыр аманатты артып, міндеттер мен жауапкерліктерді де

қоса жүктеген. Бірінші кезекте әр адам өз өмірі мен істеріне жауапты болса, екінші кезекте айналасындағылар мен қоғам алдында жауапты. Адам табиғаты қауымдасып, қоғам ретінде өмір сүруге бейім жаратылғандықтан өз қабілет-қарымдарын қоғам ішінде дамыта алады. Өз міндетін орындамай тұрып, өзгелерден ақысын талап ете алмайды. Сондықтан да баршаға ортақ құндылықтардың болуы – заңды құбылыс.

Адам баласы осы әлемде адам атына лайық түрде өмір сүре алуы үшін арнайы құндылықтар жүйесі қажет. Құндылықтар адамның тұрмыс-тіршілігі, өмір-салты, діни әрі дүниелік таным-түсінігі негізінде қалыптасады. Құндылықтар – адам өміріне бағыт-бағдар беріп, мән сыйлайтын, жоғары адамгершілік қасиеттер жиынтығы. Адамның іс-әрекеттері қоғамда қалыптасқан құндылықтар негізінде бағаланады. Кез келген қоғамда ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасып келе жатқан әрі жаңа өмір сүру салтының қалыптасуына байланысты туындаған құндылықтар жүйесі бар. Ол тарихи тәжірибе нәтижесінде қалыптасады. Қандайда бір құндылықтар жүйесі жоқ халық, жай соққан желдің өзі опырып түсіретін, тамыры жоқ ағаш іспетті.

Құндылықтар жүйесі – кез келген жеке тұлға, қоғам, ұлт пен жалпы адамзаттың дамуында маңызды қозғаушы күш. Ол адамдардың қажеттіліктері мен қатар мүдделерін де белгілейді. Адамдар соған сай өмір сүріп, сол жолда жасампаз идеялар тудырады. Жеке тұлға мен қоғам үшін жоғары адамгершілік құндылықтар ауа мен су секілді қажет.

Адам болмысы жан мен тәннен тұратындықтан тұрмыс-тіршілігінде рухани әрі материалдық құндылықтар қашан да өз ықпалын сездіріп тұрады. Материалдық дүниеде өмір сүргендіктен адам баласы көбіне материалдық игіліктерге басымдық беріп жатады. Түптеп келгенде материалдық құндылықтар тұрақты емес әрі салыстырмалы мәнге ие, ал рухани құндылықтар мәңгілік болғандықтан қашан да

шешуші рөл ойнайды. Осы негізгі тіректен өзге күштер қуат алып, өркендейді. Негізінен бұл екеуі – бір-бірін толықтырып тұратын нәрселер. Адамгершілік бастауы саналатын рухани құндылықтар адамның дүниеге деген қатынасын айқындап, өмір сүру пәлсапасын қалыптастырады, ізгі қоғам құру жолына бастайды. Жан дүние тазалығы, байлығы қоғам бағдарын белгілейді. Мәдениет пен өркениет көрсеткіші тек қана материалдық игіліктермен өлшенбейді, ол жоғары адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасып, дамиды.

Хақ Тағала әуел баста адам табиғатын жақсылыққа құмар, таза етіп жаратқан. Оған ақыл нығметін беру арқылы кез келген ісін ой санасынан өткізіп, жаман мен жақсыны ажырата алатын қасиет беріп, өзге жаратылыстардан ерекшелеген. Жамандық пен жақсылық арасында бәсеке қызу жүретін мына өмірде, жамандық қанша күшті саналғанымен жақсылықты ығыстырып шығара алмайды. Адам баласы жоғары адамгершілік құндылықтарды өмірінің өзегіне айналдыру арқылы қоғамды кері сүйрейтін, Құранда айтылғандай «асфаләс-сәфилин», яғни төменгілердің ең төмені болуға жетелейтін жамандықтардан, азғындықтан қорғайды. Діни-рухани құндылықтар адамды жаратылу мақсатына сай өмір сүруіне жетелеп, кемелдену жолына бастайды.

Заман мен өмір сүру шарттары өзгерген кезде құндылықтардың өзгерері белгілі. Ғылым мен технологияның алға озып, материалдық игіліктер алдыңғы орынға шыққан кәзіргі жахандану кезеңінде адамның кемелденуіне жол ашатын діни-рухани құндылықтарға басымдық беріп, ұрпақ санасына сіңіре білу өмір көшінде мұсылман болмысымызды сақтай отырып, адамзат өркениетіне үлес қосуымызға жол ашады. Сондықтан да уақыт тезінен өтіп, өміршендігін дәлелдей алған діни-рухани құндылықтарымыз ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл ойнайды әрі әрдайым жалғасын таба береді.

2. Діни құндылықтар және оның шариғаттағы маңызы

Дін – ақыл иесі болған адам баласын өз еркімен ізгі нәрселерге бағыттайтын, екі дүниеде жақсылыққа кенелтетін, пайғамбарлардың баяндаған ақиқаттарын мойындап, иман келтіруге шақыратын иләхи пәрмендердің жиынтығы. Алла Тағаланың адаммен тілдесіп, оған пайғамбарлар жіберіп, оларға кітап түсіруі оның қаншалықты ардақталғандығын көрсетеді. Сондай-ақ Жаратқанның пенделерін түрлі азғындықтардан, жамандықтардан сақтау үшін пайғамбарларын жіберуі – пенделеріне деген сүйіспеншілігі мен рақымдылығының белгісі.

Діннің бұйрықтары мен талаптарына назар аударғанда негізгі мақсатының адам баласын жамандық атаулыдан сақтандырып, жақсылыққа тәрбиелеп, кемелдікке қарай бағыттау екенін көреміз. Жаратушының бар һәм бір екеніне сену – адам табиғатына Алла тарапынан берілген қасиет. Дін Жаратушы – әлем – адам қатынасын айқындап, өмірге мән сыйлайтын, жоғары адамгершілік құндылықтар бастауы. Ислам – Алла Тағаланың өзі кемелдендіріп, разылық танытқан, ақырғы дін.

Ислам діні күллі адамзатқа рақым ретінде жіберілген. Осыған қатысты Құран Кәрімде: **«Біз сені күллі ғаламға тек рақым ретінде жібердік»** («Әнбия» сүресі, 107-аят), **«Уа, адамдар! Сендерге Раббыларыңнан насихат, жүректерге шипа, мұсылмандар үшін тура жол әрі рақым келді»** («Юнус» сүресі, 57-аят) делінген. Ислам дінінің үкімдері ең іргелі мына үш негізді орнықтыруға бағытталған:

1. Жеке тұлғаны мінез-құлқы мен тәрбие тұрғысынан жетілдіріп, кемелдендіру. Осылайша, ол қоғамда жамандық атаулыдан аулақ, жақсылықтың қайнарына айналады. Ол өз кезегінде Алла Тағаланың бұйырған құлшылықтарының арқасында жүзеге асады. Құлшылықтардың түпкі мақсаты

– адамның рухани тәрбиесін жақсартып, қоғамда ізгілікті орнықтыру.

2. Мұсылман қоғамында әділеттілікті орнату. Бұл мұсылмандардың өзара қарым-қатынасымен қатар, олардың өзге дін өкілдерімен де қарым-қатынасында көрініс табады. Қоғамдық әділдікті ең жоғарғы деңгейге көтеру үшін ислам діні адамның жеке басын құрметтеуді міндет еткен.

3. Қоғам пайдасы. Құран мен сүннеттің бұйырған нәрселерінің бәрінің астарына үңілгенде қашанда қоғам мүддесі мен пайдасын жоғары қоятындығына айқын түрде көз жеткізе аламыз.

Ислам діні қоғам тіршілігінің баяндылығын қамтамасыз ету мақсатында мына негізгі бес құндылықтың сақталуын талап етеді: дін, жан (өмір), ақыл-ес, ұрпақ пен дүние-мүлікті сақтау. Кезегімен осы құндылықтарға қысқаша тоқтала кетейік:

1. Дінді сақтау. Сенім – адам өміріне бағыт-бағдар беретін құндылықтар қайнары. Ол **иман – ислам – ихсан** тұғырларына негізделеді. Абайша айтқанда «Ақылды адамға иман парыз, иманды адамға ғибадат парыз». Иман – Алла Тағалаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, өлгеннен кейін қайта тірілуге сену құндылықтарын қамтиды. Исламның шарттары – Кәлима айту, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылыққа бару. Өз кезегінде иман мен ислам адамды ихсанға, тақуалық пен адалдыққа, жан тазалығына, қысқаша айтқанда кемелдік жолына жетелейтін ізгі қасиеттерге бастайды. Адам баласы өмірін осы құндылықтар негізінде жүйелеп, жүрегі тыныштық табады. Дінді сақтау үшін адамдарға діннің негізгі құндылықтарын дұрыс үйрету қажет. Дін ар-ождан мәселесі саналғандықтан, әркімнің жеке таңдауы негізге алынып, мәжбүрлеуге жол берілмейді.

2. Жанды/өмірді сақтау. Ислам діні адам баласын бәрінен ардақты етіп жаратқандықтан, адам өмірін сақтау – негізгі

талап. Өмірді сақтау адамның тәні мен жанын қоса сақтауды, адам тәнінің физикалық әрі биологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз етуді, денсаулығын сақтауды да қамтиды. Адам жаны Алланың берген ең маңызды нығмет саналғандықтан ислам дінінде бір адамды өлтіру күллі адамзатты өлтірумен тең саналған. Сондықтан ешкімнің өміріне қол сұғуға жол берілмейді. Соғыс жағдайының өзінде бейбіт адамдардың өміріне қауіп төндіруге болмайды. Тіпті өзіне қол салуға және түсік жасатуға да қатаң тыйым салынып, үлкен күнәлар қатарына жатқызылған.

3. Ақыл-есті сақтау. Адамды өзге жаратылыстардан ерекшелеп, үстем еткен құндылық – ақыл. Алла Тағаланың адамға берген ең үлкен нығметінің бірі – ақыл. Осы ақылдың арқасында адам ойлану, түйсіну, салыстыру, қорытынды жасап, ақиқатты жалғаннан ажырата алу арқылы өзге жаратылыстардан ерекшеленген. Ақыл – Хақты табудың құралы. Ақыл жоқ жерде діни жауапкершілік жайлы да сөз қозғау мүмкін емес. Ақыл-сана берілген жалғыз жаратылыс адам болғандықтан осы дүниедегі істеріне жауап беретін болмыс та – адам. Алла Тағала дін секілді ең ұлық аманатты ақыл иелеріне табыс еткен. Құранның көптеген аяттарында «ойланбайсыңдар ма?», «ақыл жүгіртпейсіңдер ме?» деп, ақылды қолдануға шақырған. Сондықтан да ислам шарифаты ақыл-есті сақтау үшін мас қылушы ішімдіктер мен түрлі есірткілерді қолдануды харам еткен.

4. Ұрпақты сақтау. Адам баласының осы өмірде бақытты өмір сүруі ұрпақтың жалғасуына қатысты болғандықтан отбасын құру – адам табиғатының қажеттілігі. Ислам діні ұрпақты сақтау әрі жалғастыру мақсатында отбасын құруға ынталандырып, ақ некені шарт қылған. Ұрпақ жалғасымы мен тектілігін сақтау үшін Алла Тағала зинаны арам етіп, себепсізден себепсіз түсік жасауға тыйым салған.

5. Дүние-мүлікті сақтау. Ислам шарифаты мүлік иелену құқығын кепілдікке алған. Адам баласына осы дүниеде тұрмыс тауқыметін тартпай, дұрыс өмір сүру үшін мүлік иелену

құқын берген. Ислам еңбексүйгіштікке, адал табыс табуға ынталандырып, бай, дәулетті күй кешуге тыйым салмаған. Қоғамды кері тартатын жалқаулық пен қайыртілеуді құп көрмеген. Адамдар арасындағы араздық пен қызғанышты жойып, әлеуметтік теңдікті сақтау үшін зекет беруді парыз етіп, өзгенің мүлкіне қол сұғуға, ұрлыққа, пайыздық өсімге, құмар ойындарына қатаң тыйым салған.

3. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары

Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзын сонар тарихы, құндылықтар жүйесі, соның негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлері мен мәдениеті болары белгілі. Олардың қалыптасуында діннің алар орны ерекше. Өз кезегінде қазақ халқының ұлт ретінде ұйысуына ислам дінінің жасаған ықпалы бір бөлек.

Он сегіз мың ғаламның Иесі «Рум» сүресінің 22-аятында: **«Көктер мен жерді жаратуы, тілдерінің, түстерінің алуандылығы да Оның белгілерінен. Шүбәсіз, бұларда білгендер үшін белгілер бар»**, деу арқылы ақылға салып, ойланған адам үшін тілдердің, нәсілдер мен ұлттардың өте көп және сан алуан болуы Жаратушы даналығының дәлелі екенін баяндаған. Ал «Хужурат» сүресінің 13-аятында: **«Әй, адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шүбәсіз, Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы»**, деп адамдардың мәдени және этникалық әртүрлілігінің мәнін көрсеткен. Алла Тағала адамдарды бір-бірімен танысып, білісулері үшін түрлі ұлт пен ұлыстарға бөліп, өздеріне тән ұлттық ерекшеліктер сыйлаған.

Хақ Тағала Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) күллі адамзатқа жіберілгеніне ерекше

назар аударып, Құранда бекітілген құндылықтардың белгілі бір уақытқа, мекенге, ұлтқа ғана тән емес екенін баяндаған. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да осы дәстүрлерді іс жүзінде көрсете отырып, сонау ерте кездің өзінде адамдарды түр-түсіне, реңіне, тегіне, әлеуметтік жағдайына қарай алаламау қажет екенін, Құранда айтылғандай артықшылықтың құдайға жақындықта екенін былайша ескерткен: *«Уа, адамдар! Естеріңде болсын! Раб-быларың біреу, ешбір араб араб еместен, араб емес арабтан, ақтың қарадан, қараның ақтан діндарлығынан басқа ешқандай артықшылығы жоқ. Күмәнсіз, Алланың құзырында ең мәртебелілерің тақуа болғандарың»* (Имам Ахмад).

Ислам дінінің осындай адамның түр-түсі, тегі мен ұлтына қарай алаламай, әдет-ғұрып, салт-сана ерекшелігін Жаратқанның шеберлігі ретінде қарауы араб емес өзге ұлттардың, соның ішінде қазақ халқының да ислам дінін шын жүректен қабылдап, өмірлік дәстүрлеріне айналдыруына жол ашты. Әр ұлттың өзіне тән дүниетанымға, салт-санаға ие болуы бұл – Құдай тағаланың мына дүниеде белгілеген заңдылығы. Сондықтан да ислам дінін қабылдаған өзге халықтар өз тілдері мен мәдениет ерекшеліктерін сақтап қалған.

Қазақ халқының дәстүрлері мен ислам дінінің талаптары ықылым заманнан бері біте қайнасып, өріле өмір сүріп келеді. Қоғамымызда адам дүниеге келіп, құлағына азан айтылып, ат қойылған сәттен бастап, жаназа намазы оқылып, қабірге қойылған сәтке дейінгі өмірінің әр кезеңі ислами талаптарға сай дәстүрлер аясында өтеді. Ислам діні шариғатқа қарсы келмейтін дәстүрлерге тыйым салған емес. Исламмен үндескен дәстүрлер киім үлгісінен де, халық тұрмысының өзге салаларынан да айқын көрініс тапқан. Ортағасырлық ойшылдар сол кезеңде ислам әлемінде қалыптасқан дәстүрден алшақ кетпей, әр шығармасының басын Алла атымен бастап, желісін Құран мен хадис мәтіндерін түсіндіруге, насихаттауға, халыққа жеткізуге

арнаған. Ал бертін келе, қазақ зиялылары ислам дінін, ислами дәстүрлерді жүйелі, әдеби еңбек ретінде халыққа таныстырған.

Ислам діні тек қана құлшылықтардан тұрмайды. Ол әрі – иманнан қуат алған, адамды кемелдікке бастар моральдық-этикалық құндылықтар жиынтығы. Адамгершілік қағидалары, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастары, тіпті күнделікті өміріндегі отырып-тұруы, сөз тыңдап, сөйлеу әдебі, тамақ жеуі, киім киюі т.с.с. қарапайым әрекеттеріне дейін мұсылмандық өмір салтын негіз етіп алуы – халқымыздың бойындағы мұсылмандықтың шынайы көрінісі. Ислам қазақ халқының рухани өзегіне айналып этика, тәлім-тәрбие, ғылым мен бағыт-бағдар берді.

Халқымыздың ұрпақ санасында арлылық, адамгершілік, құдайшылық, адалдық пен тазалық секілді қасиеттерді бойларына сіңіруде қолданған мақал-мәтелдері мен нақыл сөздеріне үнілсек, ислам дінінің ұстанымдарын анық байқаймыз. Мәселен, халқымыз «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Пайда ойлама – ар ойла», «Ұят бар жерде иман бар», «Құдай деген құр қалмас», «Аққа құдай жақ», «Құдайға сенген құстай ұшар, адамға сенген мұрттай ұшар», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағидаттарды өмірлік ұстанымдарына айналдырған. Қазақ халқының дүниетанымында дінімізден бастау алатын адамгершілік-имандылық, ар-ұят, кісілік қасиеттер жоғары бағаланған. Қазақ дүниетанымы мен әдеп жүйесінде күнә-тәубе, обал-сауап, «жаман болады», «ұят болады», қанағат, шүкір, сабыр, адамгершілік, үлкенді сыйлау, әділеттілік, батырлық, отансүйгіштік, парыз бен қарыз т.б. секілді ислами категориялар жоғары тұрған. Халқымыз исламның асыл құндылықтарын «жаман болады», «ұят болады», «обал болады», «сауап болады» деген қарапайым түсніктермен-ақ ұрпақ санасына сіңіре білген.

Қазақ халқы өте ерте кездерден-ақ ислам дінін қабылдап, оны өмірінің рухани өзегіне айналдырған. Өмір салтын Құран мен сүннет дәстүрлерімен нақыштаған. Ата-бабамыздың салып кеткен сара жолына зер салып қарағанда әрбір ізінен мұсылмандықтың көрінісін ап-айқын байқай аламыз. Қазақ халқының шыр етіп дүние есігін ашып, құлағына азан шақырып ат қойылғаннан бастап, ақтық сапарға аттанғанға дейінгі тұрмыс-тіршілігі мен ой санасында исламның жасампаз һәм өміршең дәстүрлерінің керемет үйлесіммен өріле өмір сүргендігіне толықтай көз жеткізе аламыз. Қазақтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын ислам дінінен бөлек қарастыру мүмкін емес.

Ислам діні қазақ даласында әл-Фараби, Иассауи, Баласағұни, Бақырғани, Иүгнеки, Хайдар Дулати секілді даналардың кезеңінде нағыз гүлденген дәуірін бастан кешірді. Халқымыздың бұл даналары өз шығармаларын Құран, хадис және ислам мотивтерімен көркемдеп, безендірді. Ислам құндылықтарын халық жанына жақын түрде түсіндіріп, ұлттық болмысына айналуға үлкен еңбек сіңірді. Одан кейінгі қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасқан кезеңінде ислам дінінің таралуына үлкен еңбек сіңірген дана-абыздар, би-шешендер, ақын-жыраулар, жыршылыр, қожа-молдалар, тақуа сопылардың өмір жолдары мен шығармашылықтарына үңілгенде аят-хадистер мен ислам құндылықтарынан нәр алғанын көреміз.

Көне дәуірлерден жалғасын тауып келе жатқан жалпы түркілік таным ислам дінімен біте қайнасу арқылы жаңа өркениеттік деңгейге көтерілген. Ислам діні бірін-бірі толықтырып тұратын **иман – ислам – ихсан** тұғырлары негізінде халқымыздың рухани қазығына айналды. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, фольклоры, жыр-дастандары, шешендік сөздері, термелері, діни дастандары, мақал-мәтелдері, өлең-жырлары да ислам нәрімен уызданды. Қорыта айтқанда, танымдық қабаттарының барлығында айқын

көрініс тапты. Сондықтан дәлелдеуді қажет етпейтін «Қазақ – мұсылман» деген аксиома қалыптасты. Ислам діні – қазақ бірегейлігінің айқындаушы ең негізгі бөлігі. Қазақ халқының этногенезі мен этнографиясын зерттеу оның мәдениеті мен руханиятының ислам өркениеті мен мәдениетіне барып тірелетінін көрсетеді.

Ұлттық құндылықтарымыз – дініміз, тіліміз бен діліміздің ерекшелігі ретінде бірегейлігімізді айқындайтын рухани идеалдарымыздың жиынтығы. Құндылықтар шапшаң өзгеріп жатқан кәзіргі таңда имандылықтан бастау алатын өміршең, іргелі, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде атадан балаға беріліп, даналықпен дараланып, жалғасын тауып келе жатқан адамдық асыл құндылықтарымызды сақтай отырып, ұрпағымызды заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, білім мен ғылымға, еңбексүйгіштікке, ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелей алуымыз қажет. Адамзат қанша шарықтап дамыса да діни-рухани құндылықтар ешуақытта құнын жоғалтпайтынын, кәзіргі таңда экономикалық тұрғыдан қанша шарықтап дамығанына қарамастан, адами қасиеттерден алшақтап, рухани азғындық салдарынан туындап жатқан көптеген келеңсіздіктер мен сол үрдіске қайшылық ретінде туындаған дінге деген ұмтылыс айқын көрсетуде.

II ҚМДБ-НЫҢ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 1990 жылдың 12 қаңтар күні дербес діни басқарма ретінде құрылды. Діни басқарманың құрылуындағы негізгі мақсат – ислам діні мен шариғат ілімдерін көркем түрде насихаттау мен жеткізу. Діни басқарма ел аумағында ислам дінінің тарихи ерекшелігін ескере отырып, сүнни бағыттағы имам Әбу Ханифа мәзһабы мен имам Матуриди ақида мектебі негізінде ислам дінінің дұрыс және жүйелі насихатталуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар мұсылман жамағатының діни сауатын ашу мен білімін жетілдіру, олардың заң мен ата заң алдындағы міндеттерін атқаруына бағыт береді.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Дін насихат»*, – деген. Діни басқарма – асыл дінімізді насихаттайтын Қазақстан мұсылмандарының қара шаңырағы. Дін насихатымен қатар шариғат нормаларына сәйкес мешіттерде діни рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етеді. Исламды насихаттау мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық, аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, Құран Кәрімді жатқа оқу жарыстарын, мәуліт, рухани кештер және т.б. діни-тәлімдік іс-шаралар өткізеді.

1. Ислам дінін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау

Діни басқарма дін насихаты барысында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, дін насихаты мен діни-ағарту жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы мақсатта 2001 жылы «Ислам және өркениет» газетін, 2002 жылы «Иман» журналын шығарып, 2019 жылы газеттің атын «Munara» атауымен ауыстырып, ғылыми мақалалар ұсыну арқылы жамағаттың діни таным-түсінігі мен көкжиегін кеңейтуге тырысуда. 2021 жылдың шілде айында «Munara» телеарнасы ашылып, арна

арқылы асыл дінімізді ел тұрғындарына насихаттау жұмысы жүргізілуде.

XXI ғасыр ғаламтор ғасыры болғандықтан Діни басқарма 2006 жылы **muftyat.kz** атымен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты ашты. Заман талабына сай «Instagram», «Facebook», «Вконтакте», «Youtube», «Телеграмм», «Twitter» сынды әлеуметтік желілерде парақшаларын ашып, уағыз-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Бүгінде Діни басқармаға қарасты ірі қалалар мен облыстық мешіттердің сайттары да насихат жұмыстарын толассыз атқаруда.

2. Мешіттердің салынуы мен қызмет сапасын көтеру

Мешіт – Аллаға мінежат етіп, рухани азық алатын құлшылық орны. Мешіттер – мұсылман халықтарының бірлігі мен ынтымағы, достығына қызмет ететін киелі мекендер.

Мешіт – ғибадат орны ғана емес, сонымен қатар көптеген діни-әлеуметтік функцияларды қатар атқаратын руханият орталығы.

Мешіттер Аллаға тән және жербетіндегі Алланың үйлері. Аятта былай дейді: **«Шүбәсіз, мешіттер – бір Аллаға тән. Ендеше, Алладан өзгеге әрі ешнәрсеге дұға етіп, жалбарынбандар»** («Жын» сүресі, 18-аят). Ал Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Мешіттер – жер бетіндегі Алла Тағаланың үйлері, оларды зиярат етіп келгендерге Алла Тағала сый-сияпат әзірлеп қойды»* (Әл-Байһақи, Шуғабул иман 2943, 10. Муслим, Мәсәжид 282).

Кеңес одағы тұсында Қазақстанда 25 мешіт болды. 1979-1990 жылдар аралығында еліміздің әр аймағында 38 мешіт бой

көтерсе, тәуелсіздік алған тұста республика бойынша 68 мешіт жұмыс істеді. Мешіттерді Аллаға және ақырет күніне иман еткен пенде салады. Осы орайда Хақ Тағала: **«Расында Алланың мешіттерін Аллаға және ақырет күніне иман келтірген, сондай-ақ намаз оқып, зекет берген және тек Алладан қорқатын (пенде) ғана тұрғызады. Міне олар шын мәнінде тура жол тапқандар»**, – деген. («Тәубе» сүресі, 18-аят).

Діни басқарма еліміздің әр аймағынан және көрікті жерлерден мешіттердің салынуы үшін жергілікті әкімшіліктен рұқсат алып, ұйымдастыру жұмыстарын атқарып келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұсылман елдерінің демеушілігімен бірқатар мешіттерді салуға мұрындық болды.

Мешіттер рухани орталыққа айналу үшін салынатын мешіттерде кітапхана, сыныптар, имамдар мен ұстаздарға арналған бөлмелер, неке қию бөлмесі мен Құран оқыту бөлмелерін қарастыруды жүйеге келтірді. Өзге мұсылман елдеріндегі мешіт қызметі мен еліміздегі мешіт қызметі осы тұрғыдан ерекшеленеді.

Мешіт ғимаратының өзіндік сәулет өнері болғандықтан Діни басқарма қазақ сәулет үлгісінде салынуын баса назарда ұстайды. Мешіттер заман талабына сай жылыту жүйесімен жабдықталып, жамағаттың сұранысына жауап береді. Сонымен қатар мешіт жұмысын әртараптандыру үшін Алла үйінің жанынан діни заттар сататын дүкендер мен асханалар салынып, қызмет сапасын арттырып келеді. Айша (Алла оған разы болсын) анамыз айтты: *«Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ауыл аймақтарда мешіт салынуын, олардың таза ұсталуын және хош иіспен жұпарлы болуын әмір етті»* (Әбу Дәуіт, Солат 13).

Мешіттерде қасиетті күндер мен түндерде рухани кештер мен сұхбаттар ұйымдастырылып, түрлі деңгейде сайыстар өткізіледі. Діни сауат ашу курстарында жүйелі дәрістер беріліп, жамағаттың діни сауатын көтеруге жағдай жасалуда.

Мешіт жамағатымен көрікті әрі діни рәсімдердің сапалы да, жүйелі орындалуы үшін білімді де, білікті дін қызметкері болуы керек. Осы мақсатта Діни басқарма мешіттерге тағайындайтын қызметкерлерді арнайы сараптамадан өткізеді.

2018 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Қазақстан Республикасында типтік жобадағы мешіт ғимаратын салудың тәртіп ережесі» атты арнайы ереже бекітті. Бұл – еліміз бойынша типтік жобадағы мешіт ғимаратын салудың тәртібін қалыптастыратын құжат.

ҚМДБ ел игілігіне берілген мешітке ат берудің өзіндік жүйесін қалыптастырды. Ең алдымен мешіт орналасқан елді-мекеннің тұрғындары қатысқан жиналыс хаттамасы, жергілікті жердің әкімшілігі мен облыс бас имамының ұсынысы және аты берілетін тұлғаның өмірбаяны Діни басқармаға ұсынылады. Ұсыныстар ҚМДБ-ның Төралқа мәжілісінде қаралып, шешім шығарылады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары түрлі нысандағы ғимараттар мешіт болып тіркелгенімен, уақыт өте оның орнына заман талабына сай жаңа мешіттер бой көтеріп, талапқа сәйкес келмейтін ғимараттар мешіт тізімінен шығарылып, кейбірі намазхана ретінде қайта тіркелуде.

Діни басқарма жаңадан мешіттер салумен қатар тарихи мешіттерді де күрделі жөндеуден өткізіп, мұсылман жамағатының игілігіне беруде. Мешіт қала, ауыл шетінде емес, орталыққа, жұртшылыққа ыңғайлы да оңтайлы жерде салынуы ләзім. Мешіт салуды бәсекеге айналдыруға болмайды.

3. Діни оқу орындарын ашу және маман дайындау ісі

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мешіттерде қызмет ететін, дінді сауатты түрде насихаттай алатын, шарифаттың шарттарын меңгерген, діни білімді маман тапшылығын

шешу әрі отандық дін мамандарын даярлау мақсатында арнаулы және жоғары діни білім беретін оқу орындарын ашып, жыл сайын түлектер шығарып келеді.

Арнаулы діни білімді маман даярлау үшін мемлекеттік стандартқа сәйкес, мемлекеттік үлгідегі диплом беретін 9 медресе-колледж ашылды. Сонымен қатар жоғары діни білім беретін Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетін ашып, қазіргі таңда іргелі оқу орнына айналды. Ғылым жолына түсіп, ғалым болғысы келетін түлектер үшін Нұр-Мұбарак университетінен заман талабына сай магистратура мен докторантура да ашалып, отандық дін ғалымдарын қанаттандыруда.

Медресе-колледждер: Діни басқарма 2007-2012 жылдар аралығында еліміз бойынша 9 медресе колледж ашып, «0112000-исламтану», «4S02210103-имам хатиб» және «4S02210104-ұстаз» мамандығы бойынша арнаулы діни білімді мамандар даярлауда. Оқу мерзімі 11 сыныпты бітіріп түскендер үшін 2 жыл 10 ай, 9 сыныпты тәмамдап келгендер үшін 3 жыл 10 ай.

Медресе-колледждерде оқытылатын оқулықтар мен діни әдебиеттер ҚМДБ тарапынан бекітілген. Медресе-колледждерде кітапхана, жатақхана, асхана, компьютер, интернет бөлмесі, медициналық пункт пен қажетті сыныптар қарастырылған. 9 медресе колледждің атауы төмендегідей:

1. Астана медресе-колледжі – 2007 жылы ашылды;
2. Шымкент медресе-колледжі – 2007 жылы ашылды;
3. Ақтөбе медресе-колледжі – 2008 жылы ашылды;
4. Орал медресе-колледжі – 2008 жылы ашылды;
5. Әбу Бәкір Сыддық медресе-колледжі – 2008 жылы ашылды;
6. Үшқоңыр медресе-колледжі – 2008 жылы ашылды;
7. Әбу Ханифа медресе-колледжі – 2009 жылы ашылды;

8. Сарыағаш медресе-колледжі – 2010 жылы ашылды;
9. Ибатулла Тарази медресе-колледжі – 2012 жылы ашылды.

Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті: Діни басқарма жоғары діни білімді маман дайындау мақсатында 2001 жылы Алматы қаласында Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетін ашты. Университетте «дінтану», «исламтану», «шетел филологиясы», «теология» мамандықтары бойынша бакалаврлар мен магистрлер тәлім алса, 2012 жылдан бастап докторантура ашылып, дін ғалымдарын даярлауда.

Имамдардың білімін жетілдіру Ислам институты: Діни басқарма мешіттерде қызмет етіп жүрген имам-молда, азаншы, т.б қызметкерлердің білімін жетілдіру мақсатында 2002 жылы Алматыда «Республикалық имамдардың білімін жетілдіру ислам институтын» ашты. Институттың оқу үдерісі алғашында 4 айлық болған. Қазіргі кезде 2 айлық болып қысқарды. Бекітілген бағдарламаға сай білімін жетілдірген дін қызметкерлеріне арнайы *қуәлік* беріледі.

Діни басқарма маман даярлау бойынша шетелдік Діни басқармаларға қарасты оқу орындарына да талапкерлер жіберуде. 2013 жылдан бастап діни оқу орнын тамамдап, білімін жетілдіруге ниетті жас мамандар арнайы емтиханнан өтіп, Түркия Дін істері басқармасына қарасты «Хасеки» академиясына 3 жылдық тәлім алуға жіберіліп келеді. 2013-2022 жылдар аралығында Хасеки академиясын 102 маман бітірді.

4. Уақып мәдениетін жаңғырту

Уақып – Алла жолында сауабы сарқылмайтын сауапты істің жаршысы. Ислам дінінің жасампаз дәстүрлерін бойына сіңірген, жақсылыққа жаны құмар мұсылман баласы өз

дүние мүлкінің белгілі бір мөлшерін, яғни жылжитын немесе жылжымайтын мүлкін сатылмау шартымен ұзақ жылдар бойы сауабы үзілмейтін қайырымдылық іске беріп жатады. Шариғатта осы мақсатта берілген мүлікті уақып дейді. Ал ондай мүліктерді тіркеп, одан түскен табысты қайырымдылық мақсатта жұмсап отыратын мекеме «Уақып қоры» деп аталады. Ең алғашқы уақып ісі ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) заманынан бастау алады. Тарихи деректерге сүйенсек, сахаба Осман (Алла оған разы болсын) Мадина қаласында бір құдықты сатып алып, Алла жолында өзгелердің тегін пайдалануы үшін уақып еткен. Бұл игілікті іс Пайғамбар заманынан бері ғасырлар бойы мұсылмандар арасында жалғасын тауып келеді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Адам баласы дүние салғаннан соң оның амалы тоқтайды. Тек мына үш амалдың сауабы иесіне үздіксіз жетіп тұрады. Олар: Садақа жария, пайдалы ғылым, артынан дұға қылатын салихалы перзент»* деп (Муслим риуаяты) сауабы үздіксіз жалғаса беретін үш игі істі атап өткен. «Садақа жария» – қоғамның игілігі жолында көпшілік қолданатын жол, көпір, мектеп, аурухана салу, құдық пен су құбырын, электр қуатын тарту, мешіт не медресе т.б. нысандар салу дүниеден озғаннан кейін де сауабы үздіксіз келіп тұратын сауапты істер.

Уақып етілетін мүлік шынайы ниетпен берілгендіктен оның үлкені не кішісі, азы-көбі болмайды. Уақып етілген мүлік ешкімге сатылмайды, ешкім иелік ете алмайды. Бүлініп не тозығы жетіп, жарамсыз болғанға дейін өз мақсатында пайдаланылады.

Құнанбай қажының Меккеге барған сапарында кейінгі келетін қазақстандық қажылардың пайдалануы үшін арнайы қонақжай салып қалдыруы да – осы ниеттен туындаған игі іс. Әрбір мұсылман елінде осындай ниеттен туындаған мүліктерді қабылдап алып, мақсатты түрде жалғастыратын

«Уақып» қорлары жұмыс жасайды. Адамдарды қайырымдылық пен жақсылыққа тәрбиелетін ислам өкениетінің жасампаз дәстүрлерінің бірі – «уақып» мәдениетінің қоғамдағы көптеген діни-әлеуметтік мәселелерді шешудегі ролі ерекше.

Діни басқарма діни-әлеуметтік маңызы зор осынау игілікті істі жүзеге асыру мақсатында 2019 жылы арнайы «Уақып» қорын құрды. ҚМДБ мүлкін уақып ету арқылы сауабы үзілмейтін игілікті іске ниет еткен жандардың мүліктерін рәсімдеп, шариғат талаптарына сай одан түскен қаржыны Алла жолындағы сауапты іске жұмсауға ынталандыру арқылы кеңестік кезеңде ұмыт қалған уақып мәдениетін жаңғыртып, дамытуға ат салысуда.

5. Имандылыққа баулу шаралары

Мешіт тек намаз оқитын ғибадатхана ғана емес, имандылыққа баулитын, діни ағарту ордасы. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дін насихатын көбіне мешіт ішінде атқарып, сахабаларын имандылыққа баулыды. Мешіттің бір бұрышы сырттан келген сахабалардың уақытша тұрақтауы мен діни сауатын ашу орталығы ретінде қызмет етті. Онда қалған сахабаларға «Асхабы суффа» деп аталды. Ол жерде үмбеттің болашақ ұстаздары тәлім алып, ислам дінінің таралуына өз үлестерін қосты.

Ақ пен қараны, оң мен солды дұрыс ажырата білу үшін әуелі білім қажет. Діни басқарма жамағатты имандылыққа баулу мақсатында мешіттер жанынан **«Діни сауат ашу курстарын»** ашып, арнайы ұстаз тағайындап, оқу жоспарын бекітіп, имандылыққа бет бұрған жамағаттың сауатын ашу жұмыстарын жүйеге қойды.

Курс ұстаздары мұсылмандық әдет-ғұрыптар туралы базалық білім беріп, діни сенімдерін нығайтып, діни білім

алуына қолдау көрсетеді. Сауат ашу курстары аясында: «Иман негіздері», «Ислам әдебі», «Құран», «Тәпсір», «Тәжуид», «Сира», «Ғибадат», «Хадис» және жаңадан бастаушыларға арналған «Араб тілі» пәндері оқытылады.

Облыстық, қалалық және аудандық мешіттерде жазғы демалыс кезінде мектеп оқушыларына арналған «Имани жаз» діни сауат ашу курстары жүйелі түрде өтіп келеді. Онда ислам дінінің негіздерін, мұсылман этикасы мен имандылық тәрбиенің негіздерін түсіндіруге көңіл бөлінеді.

Жамағаттар мен тұрғындарды имандылыққа баулу мақсатында мешіттер мен мәдениет үйлерінде қасиетті түндер мен күндерге арнап діни кештер мен рухани кездесулер ұйымдастырылуда. Сонымен қатар танымал ұстаздар және дін ғалымдарымен ұдайы кездесулер ұйымдастырылып, имани сұхбаттар өткізілуде. Республика бойынша мәуліт кешін кең көлемді атап өту дәстүрі қалыптасты.

2013 жылдан бастап, білікті дін мамандары дайындаған тақырыптар бойынша еліміздегі барлық мешітте бір тақырып аясында жұма уағызын айту жолға қойылды. Әр жылдарда жұма уағыздарының жинағы жарық көріп, имамдарға таратылды.

Күнделікті бесін және құптан намазынан алдын жамағатқа бекітілген тақырып аясында уағыз айту жолға қойылды. Бейне таспаға жазылған уағыздар ғаламтор арқылы көпшілікке ұсынылып, имандылыққа баулуда.

6. Құранға деген ықыласты арттыру (қарилар дайындау)

Құран – рақымы шексіз Алла Тағаланың адам баласының бақыты үшін түсірілген қасиетті кітап. Құран Кәрімді оқып үйрену – әрбір мұсылманның міндеті әрі сауабы мол ізгі іс. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Сендердің ең жақсыларың – Құранды*

үйреніп, оны өзгелерге үйреткендерің», – деген. Сондықтан да Пайғамбарымыздан тәлім алған сахабалар Құранды жаттауға, оны көркем түрде оқуға ерекше мән берген. Сахабалар арасында Құранды жатқа білгендер аз емес еді. Құран оқыған кезде оның әрбір әрпі үшін көптеген сауап жазылады. Пайғамбар дәуірінен бастап, мұсылмандар Құран сүрелерін қатесіз, тәжуид ережесіне сай жаттауды мақсат тұтқан. Құранды толық жаттаған адамды – қари деп атайды. Қари болу – әрбір мұсылман үшін асқақ арман әрі үлкен нығмет. Бақыт ғасырынан бері үздіксіз жалғасып келе жатқан сол нығметке қол жеткізген қарилар мұсылман әлемінде көптеп саналады.

Сонау ерте кезеңнен бастау алған Құран жаттау орталықтары мұсылман елдерінің барлығында жұмыс жасап келеді. Осы үрдісті жалғастыруға ҚМДБ да ерекше мән береді. Балалар мен жасөспірімдердің Құранға деген ықыласы мен ынтасын арттыру үшін түрлі деңгейде Құранды жатқа және мәнерлеп оқу байқаулары республика көлемінде өтіп тұрады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылған уақытынан бастап, мешітке келуші жамағаттарға арнап діни сауат ашу курстарын ашып, шәкірттердің Құранға деген ықыласын оятып, Құран сүрелерін жаттатуды жолға қойған. Осы мақсатта мешіт жанынан **«Құран сүрелерін жаттау курсы»** ашылып, Құран жаттауға ниет білдірген тыңдаушыларға Құран сүрелерін жатқа және мәнерлеп оқу сабақтары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

ҚМДБ Құранды толық жаттауға ниет еткен талапкерлер үшін республика бойынша 8 **«Қарилар дайындау орталықтарын»** ашты. Олар:

1. «Қауам Ад-Дин Әл-Итқани Әл-Фараби Ат-Түркістани» Республикалық қарилар дайындау орталығы. Ақмола облысы, Қосшы қаласында орналасқан.

2. «Ықылас» қарилар дайындау орталығы. Шымкент қаласында орналасқан.

3. «Балаби Қари» қарилар дайындау орталығы. Түркістан облысы, Кентау қаласында орналасқан.

4. «Qusshy Ata» қарилар дайындау орталығы. Түркістан облысы, Кентау қаласы, Құсшы ата ауылында орналасқан.

5. «Тілеулес қажы» қарилар дайындау орталығы. Көкшетау қаласында орналасқан.

6. «Қордай» қарилар дайындау орталығы. Жамбыл облысы, Қордай ауданында орналасқан.

7. «Атбасар» қарилар дайындау орталығы. Ақмола облысы, Атбасар ауданында орналасқан.

8. «Хусамуддин әс-Сығанақи» Қарилар дайындау ижаза орталығы. Алматы қаласы, Наурызбай ауданында орналасқан.

9. «Марал ишан» қарилар дайындау орталығы. Қызылорда қаласы, Белкөл кентінде орналасқан.

10. «Қазалы» қарилар дайындау орталығы. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде орналасқан.

11. «Арал» қарилар дайындау орталығы. Қызылорда облысы, Арал ауданында орналасқан.

Орталықтар Құран жаттауға ниетті үміткерлерге Құранды тәжүидпен, қатесіз жаттауды үйретеді. Сонымен қатар Орталықтар жыл сайын қасиетті Рамазан айында тарауих намаздарын хатым Құранмен оқыту үшін қариларды сараптаудан өткізіп, республикадағы мешіттерге бөледі.

Отандық қариларды даярлау, республикалық және халықаралық Құранды жатқа және мәнерлеп оқу конкурстарына қатысуын ұйымдастыру орталықтың міндеттеріне кіреді. Орталықтағы оқу үрдісі күндізгі оқыту нысаны бойынша ұйымдастырылып, үлгілік бағдарламалармен оқу жоспарларына сәйкес жүргізіледі.

Оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін «Қари» мәртебесін растайтын куәлік (сертификат) беріледі.

Орталықтың тәрбие бағдарламалары білім алушылардың бойында имандылық, ұлтжандылық, отаншылдық, азаматтық, адамгершілік сезімдерін қалыптастыруға және жан-жақты ынта-ықылас, қызығушылығы мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Ислам мәдениетінде Құранды толық жаттаған қариға Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бері тіні үзілмей келе жатқан тізбек бойынша «Ижаза» беру үрдісі бар. Әрбір қари үшін ижаза алу – үлкен мәртебе. Діни басқарма тізбегі үзілмей Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жеткен осынау қасиетті де қастерлі үрдісті жүзеге асыру үшін Астана мен Алматы қаласында «Ижаза беру» орталығын ашты. Орталыққа түскен қари, қойылған талаптар мен міндеттерді меңгерген жағдайда ұстаздың қолынан тізбегі Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дейін жететін ижаза алуға қол жеткізеді.

7. Ас беру мәдениетін қалыптастыру

Діни басқарма еліміздің барлық аймағында шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыруды насихаттап келеді.

Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бірізге келтіру – өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ халқының дәстүрінде марқұмдарға арнап берілетін құдайы астардың бірнеше түрі бар. Мысалы, көңіл айтып келген кісіге дастархан жайып, ас беру қазақ халқының қанына

сіңіп, дәстүріне айналған.

Шариғат бойынша марқұмның артынан ізгі тілек тілеп, дұға жасаудың сауабы мол. Сондықтан марқұмның артында қалған ұрпақтары сауабы тисін деген ниетпен көпшілікке ас беріп, тамақ таратып, Құран оқытып, дұға жасауына болады.

Әр халықтың өмір салтына қатысты қалыптасқан өз әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Қазақ халқының сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрлері, соның ішінде діни-танымдық ғұрыптары кеңінен қалыптасқан.

Кісі қайтса, жаназасын шығарып, артынан жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты және тағы басқа шараларда дастархан жаю дәстүрі қалыптасқан. Дегенмен дінімізде нақты талап етілмеген, салт-дәстүрімізге сай келмейтін, ақырет үшін пайдасыз кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, ысырапқа жол беріп, ас та төк дастархан жайып, бәсекелестік жасау.

Қайтыс болған кісінің атынан ас беру – ислам шариғатында міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Ондай кәде жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәһар болмайды. Сол секілді міндетті түрде қарызданып, «қайтыс болған кісі атынан ірі қара мал сойып, садақа беру керек» деген үкім жоқ. Дегенмен Құран аяттары мен хадистерде жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екені айтылған.

Ал құдайы астың негізгі мәні – көпшіліктің басын қосып, марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пендешілікпен өткен қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау.

Қоғамда қалыптастқан дәстүрлер мен әдеттер шариғатқа қарсы келмесе, орындаудың оғаштығы жоқ. Алайда, діннің негізгі ережелерін бұрмалауға болмайды. Құдайы ас беру кезінде

ислам дінінің өзгермейтін мәңгілік құндылықтарына нұқсан келтіріп алмау жағын назарда ұстау қажет.

Ислам құқығында «Үкімдер уақыт пен мерзімнің өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырайды» деген құқықтық динамизмді сақтайтын маңызды қағида бар. Ол –Құран Кәрім мен Пайғамбар сүннетінің түпкі мәнінен сүзіліп алынған іргелі қағида. Сондықтан жаңа заман талабына сай кейбір әдеттер мен дағдылардың өзгеруі – заңды құбылыс.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шариғат шеңберінде ас беру мәдениетін реттеп, бір жүйеге келтіретін «Ас беру мәдениеті» атты құжат қабылдады. Бұл құжатта шариғатта көрсетілген «парыз, уәжіп, халал-харам» сынды діннің басқа да қатаң талап-қағидалары ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ.

Ақпараттық технологияның санаулы жылдардың ішінде қарыштап дамып, тіршіліктің күрт өзгеріп кетуі бұрынғы өмір сүру дәстүрлері мен модельдерін дәл сол қалпында ұстануға мүмкіндік бермейді. Тек тарихи қалыптасқан жолды ғана ұстанумен шектеліп, жаңа талаптарға бейімделмеген халықтардың қоғамға ілесе алмай, көптеген қателіктерге бой алдырып жатқаны белгілі. Дәл сол секілді құдайы ас беру мәдениетін де заман мен қоғам талабына сәйкестендірудің қажеттілігі туындап отыр. «Құдайы ас» берудің түпкі өзегін, мәнін сақтай отырып, жаңаша сипатқа көшудің маңызы осында.

Ас беру мәдениетін қалыптастыратын құжатқа сай кәделерімізді атқару, қоғамдағы ынтымақ-бірлікті сақтау және шариғат талаптарымен санасу қажет.

8. Зират пен зиярат мәдениетін қалыптастыру

Қазақ халқы ғасырлар бойы күнделікті өмір тіршілігінде, соның ішінде адамның дүниеге келуі мен қайтыс болуына қатысты діни рәсімдерді орындауда мұсылманшылыққа тән мәдениетті ұстанып келеді. Алайда соңғы уақыттарда діни рәсімдер орындалу барысында шарифат нормаларына сәйкес келмейтін істердің қылаң бере бастағаны да байқалады. Мысалы, қабір басына құлпытас ретінде орасан үлкен ескерткіштер, түрлі мүсіндер мен зәулім қоршаулар орнату т.б. Бұдан бөлек, қабірлер мен кесенелерді зиярат жасаушылар діни талаптарға сай келмейтін ата-баба дәстүріне жат, бүгінгі өркениетке де келмейтін әрекеттер орын алуда. Өз кезегінде мұндай әрекеттер жамағатты алаңдатуда.

Зират пен зиярат адам өмірінде маңызды құндылықтар қатарына жатады. Қайтыс болған кісіні арулап жерлеу, зиратқа қою – мұсылмандық міндет.

Ислам дінінде қайтыс болған кісіні жерлеудің үкімі – парыз. Өйткені мәйіт көмілмей қалатын болса, «адам» деген ардақты жаратылысқа жасалған үлкен құрметсіздік әрі күнә болады. Сондықтан ата-бабаларымыз қайтқан жанды арулап, ақтық сапарға шығарып салған.

Зират – марқұмның соңғы тұрағы. Мұхаммед пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) марқұмдарға сәлем бергенде: *«Уа, мүміндер қауымы!»* деп зиратты «қауым» (ел) деп атауға үйретуі бекер болмаса керек.

Қабірді зиярат жасау – шарифат бойынша да, салт-дәстүр тұрғысынан да құпталған, сауапты әрі өнегелі іс. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мен сендерді қабірлерді зиярат етуден тыйған едім. Енді зиярат етулеріңе болады»*, – деген (Муслим, жәнәйз 106). Екінші бір хадисте: *«Кімде-кім қабірлерді зиярат етуді қаласа, зиярат етсін, өйткені қабір пәни дүниені ұмыттырып, ақыретті есімізге салады»* – делінген (Тирмизи, жәнәйз 60; Әбу Дәуіт,

жәнәйз 77). Шариғатта қабірлерді зиярат етудің өзіндік шарттары мен әдептері бар.

Еліміздің әр өңірінде қабір зияраты мен әруақ құрметтеудің әркелкі салт-жоралғылары бар. Сондықтан бүгінгі күннің талаптарына сай зиярат жасауды біріздендіріп, жалпыға ортақ мәдениет қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Осы мақсатта Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Зират және зиярат мәдениеті» атты құжат қабылдады. Құжатта келген ережелер мен ұстанымдар ислам дінінің негізгі қайнаркөздері мен ата-бабаларымыздың озық дәстүрлері негізінде дайындалды.

Шариғат құптаған зират көтеру мәдениеті төмендегідей:

1. Мұсылман жұртшылығы қайтыс болған кісінің есімі мен жатқан жері белгілі болсын деген мақсатпен оның басына құлпытас қою.

2. Құлпытастардан бөлек зират басына үлкен ескерткіштер, сәнді қоршаулар, мүсін кеуделер тұрғызу марқұмға ешқандай пайда бермейді.

3. Өлілер үшін пайда келтірмейтін істі «тірілер көрсін немесе естісін» деген ниетпен жасау Алланың разылығынан алыстатады.

4. Қабір көтеруге кететін шығынды тірілерге жұмсау – әлдеқайда сауапты іс.

5. Қымбат құлпытастар мен зәулім ескерткіштерге кететін қаражатты жетім-жесірге көмектесу, көрші-қолаң, ағайын-туысқа қарайласу, білім ошақтарын тұрғызу, пайдалы кітаптар мен оқулықтар шығару сынды т.б. игі істерге жұмсап, сауабын қайтыс болған кісілерге бағыштау шариғат бойынша құптарлық игі іске жатады.

6. Шариғат заңдары зираттарды сәндеуді, үлкен ескерткіштер орнатуды талап етпейді. Керісінше мұсылман зияраты барынша қарапайым болғаны жөн.

7. Қорымға қойылатын құлпытастарды бір-бірінен асып түсетіндей етіп әсіре сәндеу немесе оған мол шығын жұмсау ысырапқа жататындықтан шарифат мұны құптамайды. Дініміз ондай әрекетке тыйым салады.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті он екі ғасырдан астам уақыттан бері ислам дінімен тығыз байланыста дамыды және оның төлтума руханиятына ислам үлкен әсерін тигізді. Ислам діні қазақ даласына келгеннен бастап небір әулие ғұламалар, ахун, ишандар дүниеге келіп, елге, дінге рухани қызмет етіп, жергілікті халықтың жүрегіне жол тауып, жадында қалды.

Исламдағы қасиеттілік немесе киелілік осы тұлғалар тұтынған киелі заттар мен ислам аманаттарын, олардың қабірлерін, сәулет өнерінің киелі жәдігерлерін және т.б. зиярат етуден көрініс табады. Әрине, бұл жерлерге жасалатын зияраттар құлшылық мақсатында емес, өткен тарихымыздан ғибрат алу үшін жасалады. Өйткені халқының тарихын, құндылықтарын білмеген адам, болашағын жасай алмайды.

Соңғы жылдары елімізде және жалпы әлемде діни сананың жаңғыруына орай киелі жерлер мен ұлы тұлғалардың қабірін зиярат кең өріс алуда. Бұл, әсіресе, кеңестік империя күйрегеннен кейінгі тәуелсіз достастық елдерінен, оның ішінде біздің еліміздегі діни ахуалдан айқын аңғарылады. Мысалы, Түркістандағы Қ.А.Йасауи, Отырардағы Арыстан баб, Маңғыстаудағы Бекет ата, Алматыдағы Райымбек, Әлмерек абыз т.б. кесенелерді зиярат ету анағұрлым танымал.

Зиярат ету әдебі сақталмағандықтан қоғамда зияратқа қатысты қарама-қайшы пікірлер туындап жатады. Кейбіреулер шарифаттың талаптарына немқұрайлы қарап, әулиелерді аралауды кәсіпке айналдырып, көптеген адамның иманына селкеу түсірсе, кейбіреулер қабірлерді зиярат етуді ширкке балап, үзілді-кесілді қарсы шығуда. Тіпті қайтыс болған ата-бабасына Құран бағыштауды терістеуде.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы зиярат пен зиярат әдебі құжатын қабылдап, ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Түсіндірме жұмысымен қатар зиярат әдебін іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында «Дархан дала» жобасы бойынша киелі орындарды зиярат ету шараларын ұйымдастырып келеді.

Әрбір ел мен халықтың төл тарихына тиесілі қастер тұтатын киелі нысандары мен тұлғаларының болуы – заңдылық. Өз кезегінде олар халықтардың тарихи санасын сергітіп, ұлттың рухын оятады. Сакралды ескерткіштер – тарихи жадыны қалыптастырудың құралы. Киелі орындарға рухани сапарлар ұйымдастыру болашақта да Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жіті назарында бола бермек.

9. Діни ағарту жұмысын ұйымдастыру

Асыл дініміздің өміршең құндылықтарын қалың бұқараға насихаттау, дінімізді дұрыс әрі сауатты түрде үйрету мен жеткізу – басты міндет һәм талап. Халықтың сауатын ашуға бағытталған діни ағарту жұмыстары бірнеше бағыт бойынша жүргізілуде. Дін тақырыбында сенімді әрі толыққанды мағлұмат беру – Діни басқарманың негізгі бағыты болғандықтан газет-журналдар мен кітаптар шығаруға жіті мән беріліп келеді. Сондықтан замана талабына сай бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ағарту жұмыстары жүйелі түрде жүріп жатыр.

2013 жылы «Хикмет» телерадиостудиясы құрылып, сұранысқа сәйкес алғашқы кезеңде діни-танымдық бағыттағы аудио өнімдермен қатар бабаларымыздың мол рухани мұрасы, үлгі-өнегесі, аталы сөздерін жарыққа шығарды. Сонымен қатар дін мамандарының айтқан уағыз-насихаттары мен салт-дәстүрімізбен ұштастырып айтылған дәрістерін CD, DVD дисктерге жазып, көшілікке тарату арқылы ағарту жұмыстарын жүргізді.

«Хикмет» телерадиостудиясы ғаламтор кеңістігінде **youtube.com** порталы арқылы өз өнімін ұсынуда. Студия халықты рухани-ағарту мақсатында қазақ тіліндегі өнімдермен қатар орыс тілінде де насихат жұмысын жасап келеді.

Діни басқарма дініміздің құндылықтарын насихаттайтын, түсіндіретін көптеген кітаптар шығарып, оқырман назарына ұсынды. Сол секілді маңызды деген діни кітаптарды мындаған данамен тегін таратып, діни ағарту жұмысына серпін берді.

Адамның ой-өрісін байытып, рухани азық беретін, сауатын жоғарылатып, талап-талғамын қалыптастыратын тәрбие құралы – кітап. Діни басқарма діни ағартудың негізгі құралы болған діни кітаптар шығаруға аса мән беріп, діни қайраткерлер мен ғалымдарды жұмылдырып, көптеген еңбектерді жарыққа шығарды. Ел мұсылмандарының діни әдебиетке деген сұранысын сапалы әрі сенімді кітаптармен жүйелі түрде қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы «Муфтият баспасы» ашылды. Аз уақыт ішінде «Муфтият» баспасынан жамағаттың таным көкжиегін арттырып, рухани азық сыйлар бірқатар кітаптар жарық көріп, оқырманға жол тартты.

Ел мұсылмандарын түрлі бөлінушілік пен пікір қайшылықтарынан сақтап, дұрыс діни таным мен түсінікті қалыптастыруда пәтуалардың орны мен рөлі ерекше. Осы мақсатта 2013 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан «Ғұламалар кеңесі» құрылып, қазірге дейін көптеген көкейкесті мәселелерге жауаптар берілді. Ғұламалар кеңесінің негізгі міндеті – ислам негіздеріне сүйене отырып, қоғам өмірінде мұсылмандық ұстанымға қатысты туындап отырған көкейкесті, түйткілді мәселелерді талқылап, дер кезінде шешім шығарып, пәтуалар мен концептуалды құжаттар қабылдау.

10. Жат ағымдардың алдын алу және оңалту

Кеңестік кезенді қоспағанда, елімізде ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі діни таным, түсінігіміз бар. Тәуелсіздік таңы атып, дін ұстану еркіндігімен қатар бұрын-соңды болмаған түрлі ағымдар келді. Олар өздерімен бірге халқымыздың ұлттық санасы мен рухани болмысына қайшы идеологияларды насихаттап, дін ұстанушылар арасында алауыздықтар тудырды. Көптеген азаматтарымыз жат ағымдардың белсенді түрде жүргізген үгіт-насихаттарына алданып, бірқатары ел ішінде ылаң салса, бірқатары шекара асып, соғыс алаңдарынан бірақ шықты. Өз кезегінде мұндай әрекеттер Қазақстан аумағында конфессионалдық жағдайдың тұрақтылығына кері әсерін тигізетіні белгілі. Осындай келеңсіздіктерді болдырмау мақсатында еліміз үшін дәстүрлі емес діни ағымдар мен жамағаттардың, сондай-ақ заңмен тыйым салынған теріс ағымдардың ел аумағындағы іс-әрекеттеріне мониторинг жасалып, алдын алу және оңалту жұмыстары жүргізіліп келеді.

Діни басқарма жат ағымның алдын алу және қоғамға тигізер залалын насихаттау мақсатында мешіттерде, түрлі мекемелерде, мектептер мен колледждерде, жоғары оқу орындарында жоспарлы түрде көптеген кездесулер өткізіп, ағарту жұмыстарын атқаруда. Сонымен қатар жат ағымның жетігінде кеткен жандарды оңалту ісі бойынша нәтижелі жұмыстар да ұдайы жүргізілуде.

2013 жылы дәстүрлі діни таным мен төл мәзһабымызды насихаттау мақсатында Республикалық ақпараттық-насихат тобы (РАНТ) құрылды. Еліміздегі ең білікті дін мамандарынан құрылған бұл топ мұсылман қауымына ислам құндылықтарымен қоса, ұлттық мәдени мұраларымыз бен салт-дәстүрімізді насихаттауда. РАНТ мүшелерінің тікелей атсалысуымен еліміздегі діни ахуалы күрделі аймақтарда діни оңалту шаралары жүргізілуде.

Осы игі жобаға қосымша ретінде Жергілікті ақпараттық насихат тобы құрылды (**ЖАНТ**). Оның негізгі бағыты – жергілікті аймақтық уағыз-насихат жұмыстарын күшейту, аудан-ауылдық жерлердегі діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамсыз ету.

2020 жылдың 11 наурызында «Діни оңалту» бөлімі құрылып, бөлім жұмысының негізгі мақсаты – деструктивті діни ағымдарға (ДДА) идеологиялық қарсы тұру жұмысын тиімді атқару және жетілдіру.

Ақпараттық-насихат жұмыстарының негізгі бағыты ретінде жат ағымның алдын алуға күш салу мақсатында еліміздегі діни күрделі аймақтар анықталып, мемлекеттік мекемелермен бірлесе отырып, ауқымды шаралар жүзеге асты. Жат ағыммен жұмыс үш бағыт бойынша жүргізіледі: жалпы кездесу, жеке кездесу және түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айрылған жандармен жұмыс.

Жергілікті дін қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталған семинарлар мен курстар ұйымдастыру арқылы, жат ағым өкілдерінің белсенділігі мен ықпалын азайту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

11. Жамағатты қайырымдылыққа ынталандыру

Ислам мұсылман баласын жақсылық пен қайырымдылық жасауға шақырады. Әрбір жасалған жақсылық пен қайырымдылықтың сауабы еселеп қайтатыны Құран аяты мен хадистерде сүйіншіленген. Адамзаттың асылы *«Жомарт – Аллаға, жәннатқа және халыққа жақын, тозақ отынан алыс»* деу арқылы Алла Тағалаға, жәннатқа және халыққа жақын болудың жолын көрсеткен. Әбу Һурайрадан жеткен хадис құдсиде Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Алла Тағала: Басқаға қайырымдылық жаса, сонда саған да қайырымдылық жасалады»*, – деп (Бұхари, Мүслім) мұсылман баласын жомарттыққа үндеген.

Бүгінде Діни басқарманың атқаратын негізгі діни қызметтерінің бірі –қайырымдылық. Діни басқарма осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Зекет және қайырымдылық қорын» құрды. Зекет қоры және жергілікті мешіттер тарапынан еліміздегі мұқтаж жандарға, көпбалалы отбасыларға, қарттар мен балалар үйіне, жетімдер мен жесірлерге, жалғысбасты жандарға, мүгедектер мен ардагерлерге, науқастар мен жолда қалғандарға, баспанаға аса мұқтаж жандарға, көмек сұраған жекелеген адамдарға қайырымдылық көрсетуді үзбей жалғастырып келеді.

Дін қызметкерлері мешіт жамағаттарын, еріктілер мен кәсіпкерлерді, жастарды жұмылдырып, бірнеше бағытта, яғни «Жақыныңа жәрдемдес», «Үміт сыйла», «Раббың үшін құрбан шал», «Мектепке жол», «Ел үлесі пәтерге» және т.б. әртүрлі атаулармен қайырымдылық шараларын ұйымдастырып келеді.

Жақсылық пен қайырымдылық жасауда әйел жамағаты да қалыс қалмауда. Дін қызметкерлері мешіт ауласында әйел жамағатты ұйымдастыру арқылы жәрмеңке жасап, қол өнер бұйымдары мен пісірген тәтті тағамдарын жамағатқа сату арқылы түскен қаржыны мұқтаж жандарға беру үрдісін қалыптастырды.

«Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас» демекші дін қызметкерлері жамағатты қайырымдылық жасауға үндеп, орталық мешіттер жанынан еріктілер тобын құрып, жақсылықтың жаршысына айналдыруда.

Мешіт қызметкерлері еліміздің кейбір аумақтарында орын алған табиғи апаттар кезінде жамағатты ұйыстырып, ең алғашқылардың бірі болып, қайырымдылық шараларын ұйымдастыруға мұрындық болуда. Асарлатып, жылу жинап, азық-түліктен бастап алғашқы қажетті заттарды жеткізу де жамағаттың қолдауымен жүзеге асырылуда.

Қайырымдылық жасау барысында ескерілетін жайттар:

- қайырымдылықты мақтан үшін жасамау;

- мұқтаж жанға беру;
- өзі пайдаланбайтын ескі, қажетсіз затты бермеу;
- қайырымдылықты көрер көзге жасамау;
- берген заты мен ақшасын міндетсінбеу;
- мұқтаждың намысына тиіп, бетіне баспау;
- адал емес мүлікті бермеу;
- жақсылықты шынайы ниетпен жасау;
- жасаған жақсылығын жарияламау;
- жақсылықты бір Алланың разылығы үшін жасау;
- қайтарымын Алладан ғана күту.

12. Қоғамдағы адамгершілікке жат әрекеттерге қарсы үгіт-насихат

Алла Тағала мұсылман үмбетін Әли Имран сүресінің 110-аятында: **«Сендер адамдардың арасынан шығарылған жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыятын, Аллаға сенген қайырлы үмбет болдыңдар»** деп сипаттау арқылы ең жақсы үмбет болу жолының жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюдан өтетінін көрсеткен. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да үмбетін жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюға шақырған және өмірінің соңына дейін осы қасиетті міндетті атқарған. Дініміздің негізін сақтаушы басты жолдардың бірі – жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю екені мәлім.

Адам баласы қоғам ретінде өмір сүруге бейім жаратылған. Қоғам болғаннан соң адамдардың аласы да, құласы да кездесері белгілі. Иман нұрынан нәр алмаған, арам мен адалды ұғынбаған жандар адамзатқа жат қылықтарға бой алдырып жатады. Алла Тағала адам баласын ғаламдағы күллі болмыстан ардақты, абыройлы етіп жаратқан. Кез келген адам мына дүниеге таза табиғатпен келеді. Уақыт өте қоршаған ортаның, тәрбиенің ықпалымен жамандықтардың шырмауына түсіп, азғындыққа бой алдырып жатады. Әрине әрбір елдің өзіне тән әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, жаман мен жақсы түсніктері әр қилы. Сондықтан бір қоғамда жат көрінген кейбір қылықтар

мен әдеттер кей қоғамда жатырқанбауы мүмкін. Алайда ұрлық жасау, адам өлтіру, өтірік айту, өсек тасу, алдау, бүлік шығару, ғайбат айту, біреудің ақысын жеу, ішімдік ішу, нашақорлық, ысырапшылдық, тәкәппарлық, құмар ойынға әуес болу, екіжүзділік, пара алу, зинақорлық және т.б. осыған ұқсас қоғам өміріне кері әсер ететін қылықтарды күллі адамзат баласы құптамайды.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мен көркем мінезді кемелдендіру үшін жіберілдім»*, – деу арқылы негізгі миссиясын айқындап, мұсылман үмбеті үшін бағдар берген. Тағы бір қастерлі хадисінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Уа, Алла! Жаратылысымды көркем еткенің сияқты, мінезімді де көркем етші!»* – деп дұға еткен (Ахмад б. Ханбал риуаяты). Сондықтан әрбір саналы мұсылман көркем мінездің биік үлгісі ретінде пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмір жолын, оның іс-әрекетін негізге алуы тиіс.

Көркем мінез – адам бойындағы ұлы қасиет, әрбір адамның мінез-құлқын көркем етуі отбасы, өскен ортасындағы тәлім-тәрбиесімен бірге өзінің де ақыл-парасат, күш-жігеріне, ынта-ықыласына байланысты. Әке-шешенің баласына берер ең үлкен сыйы – жақсы тәрбие болса, көркем мінез сол тәрбиенің шыңы. Ислам ізгілікке үндеп, бойдағы жаман мінез құлық пен әдеттен арылуға шақырады.

Діни басқарма мешіттерде, бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде, халықпен жасалған кездесулерде әрдайым елді, жамағатты, жастарды қоғамды аздыратын, құрдымға жетелейтін жат қылықтар мен әдеттерден арылуға шақырып, ондай жат қылықтардың күнәсі мен зардабы жайында ұдайы насихат жүргізіп келеді. Өскелең ұрпақты ислам дінінің асыл құндылықтарын бойларына сіңіру арқылы дінімізге, елімізге, отбасымызға, қоршаған ортамызға пайдасын тигізетін адам болуға үндейді.

13. Қазақстандық діни мектепті қалыптастыру шаралары

Ислам діні қазақ даласына 751 жылдан бері қарай тарай бастады. Сол тұстағы бабаларымыз ислам дінін өз қалауларымен қабылдап, көп уақыт өтпестен алғашқы мұсылман түркі мемлекеттері пайда болды. Сол мемлекеттің бірі әрі бірегейі Қараханидтер 960 жылы исламды ресми дін етіп жариялады.

Ұлы даламызда құрылған ұлы империяның бірі Алтын Орда тұсында ислам діні қанат жайып, өз жемісін берді. Сондай-ақ Ақ Орда, Қазақ хандығы тұсында қазақ жерінде ислам өркениеті өзінің дәуірлеу кезеңін бастан кешірді.

Қазақ даласындағы Отырар, Сайрам, Түркістан, Қарнак, Өзкент, Сығанақ, Сауран, Тараз, Баласағұн секілді қалалар орта ғасырларда ислам білімі мен мәдениетінің орталықтарына айналып, қазақ жерінен Әбу Насыр әл-Фараби, А. Яссауи, Ж. Баласағұни, А. Жүйнеки, Махмуд әт-Тарази, Ахмед әл-Исфижаби, әл-Қади Байдауи, Шәмсуләиммә әл-Кердери, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қыдырғали Жалайри, Һибатулла Тарази секілді көптеген ғалымдар шығып, ислам өркениетіне өз шығармаларын сыйлады.

Қазақ жерінен ханафи ғалымдарының арасында Амир Катиб ал-Итқани (758/1357 ж.), Хусам ад-дин әл-Хусайн әс-Сығнақи (1310-1315 ж.), Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби (480/1087-1088 ж.), Йусуф ибн Әбу Бакр әс-Саққақи (ум. в 626/1229 ж.), Мансур ибн Ахмад әл-Қағани (қ.б. 775/1373-1374 ж.) секілді 5 мужтахид ғалымның шыққаны да ерекше атап өтерлік жәйт.

Қазақ халқы – исламды қабылдап қана қоймастан ислам ғылымы мен мәдениетіне үлес қоса білген, мәдени мұрасының тамырлары тереңде жатқан халық. Ислам өркениетімен тығыз ықпалдаса отырып, қазақтар оның дамуы мен нығаюына өзіндік үлесін қосты. Сайын даладан мұсылман әлеміне танымал ғалымдар шығып, артында көптеген еңбек қалдырды.

Бірқатар ғалымдар түркі, араб және парсы тілдерінде дін ғылымдарының Құран, хадис, ақида, фикһ, тәпсір секілді салаларында еңбек жазса, бірқатары философия, тарих, математика, астрономия, тіл білімі т.б. салаларға қатысты шығармалар жазды. Қазақ хандығы кезеңінен кеңестік кезеңге дейін осынау алтын шынжыр үзілмей жалғасып жатты. Бабаларымыз исламды қабылдау арқылы дін мен дәстүрін сабақтастырып, өзге түркі елдерімен салыстырғанда тұрмыс-салтының ерекшелігіне байланысты өзіндік ұстанымын қалыптастырды.

Кеңес Одағы дінге тыйым салып, қазақ даласындағы мешіттер мен медреселер жабылып, дін қызметкерлері қуғындалып, жер аударылды. Бір қатары абақтыға қамалса, бір қатары ату жазасына кесілді. Шамасы келгендер бас сауғалап шетел асты. Дінге тыйым салынған соң дін мәселесі кенжеледі. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін сырттан келген көптеген діни ағымдар қазақ даласында осыған дейін ислам діні болмағандай тарихымыз бен діни санамызды мансұқтап, дәстүрлі түсінігімізге жат діни танымды таратып, жамағат ішіне іріткі салды. Сондықтанда ел татулығы мен тұрақтылығына сына қағатын осындай сыртқы ықпалдан жамағатты сақтау үшін заманауи әдіс-тәсілдерді қолданумен қатар, ғасырлар бойы қалыптасқан өзіміздің діни мектебімізді жаңғырту да – аса өзекті мәселелердің бірі. Осы бағытта ҚМДБ ұйытқы болуымен «Дәстүрлі ислам жауһарлары» атты орта ғасырларда жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы жарыққа шықты. Жинаққа Қарахан әулеті үстем болған дәуірдегі Ахмет Йүгінекидің «Һибәтул-хәқайқ», Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикметі», Сүлеймен Бақырғанидің «Ақырзаман кітабынан», Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі Бұрхануддин Рәбғүзидің «Қиссәсул әнбия», Махмұт әл-Кердеридің «Нәһжул фәрадис», Сәйф Сараидің «Гулистан бит-турки», Хұсам Кәтіптің «Жұмжұма» және т.б. шығармалардан үзінділер келтірілді. Сондай-ақ, XV-XVI ғғ. Қазақ хандығы тұсындағы

Заһираддин Мұхаммед Бабырдың «Мүбәййән дәр фикһ» еңбегі мен «Раунакул-Ислам» атты шығарма енгізілген.

ҚМДБ-ның бастамасы аясында Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің қолдауымен «Қазақ исламтану мектебін дамыту бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты жобасы аясында «Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам шариғатымен үйлесімі», «Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті руханият қайраткері», «Научное наследие ханафитских богословов Центральной Азии и Казахстана», «Діни сөздердің қолданылу тарихы», «Қазақ жеріне ислам дінінің таралуы», «Қазақ мұсылмандығының қалыптасуының алғышарттары», «Қазақстан исламтануының аса көрнекті өкілдері», «Фикһ және өлең сөз (поэзия): Дешті Қыпшақ даласында шариғат шарттарының өлең сөзбен өрнектелуі (XI-XVI ғғ.)», «Үкім аяттардың тәпсірі», «Ислам және қоғам» (Қазақстандағы ислам мәселелері), «Мұсылмандар арасындағы талас-тартыстарға жауаптар», «Раунакул-ислам» («Ислам шырағы»), «Муғинул-мурид» («Мүридке нұсқаулық»), «Матуридия ақидасы» (эл-Бидая мин эл-кифая фи эл-һидая фи усул ад-дин), «Әл-Ихтиар лил Талил Мухтар Лии-л Фәтуә» кітабының аудармасы, «Ақида ағымдары» (Исламдағы сенім (ақидалық мәзһабтар) атты іргелі еңбектер жарияланды. Қазіргі таңда өзіміздің діни мектебімізді жаңғыртуға септігін тигізетін өте ірі жобаның бірі – «Ислам энциклопедиясы» дайындалуда. Бұл энциклопедияда қазақ жеріндегі ислам діні мен мәдениетіне қатысты мәліметтер мейлінше ауқымды қамтылатын болады. Аталмыш жұмысқа көптеген білікті ғалымдар тартылған.

Тарихтың қилы кезеңдерін бастан өткерген қазақ елінде құлшылықта Әбу Ханифа, сенімде Имам Матуриди, сопылықта Йасауи (бертін келе Нақшыбандия) ретінде көрініс тауып, ислам құндылықтарын ел санасына сіңіруде ерекше рөл ойнады.

ІІІ ҚМДБ-НЫҢ ІРГЕЛІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ

Адам баласының құзырындағы заттар, әлеуметтік байланыстар мен оларды қоршаған орта құбылыстары құндылықты қатынастарды құрайды. Өйткені бұлардың бәрі де жақсылық пен жамандық, шындық пен жалған, әсемдік пен ұсқынсыздық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан пайымдалады, танылады, бағаланады және қадірленеді. Осылайша ол әркімнің берген бағасы негізінде қоғамдық сана мен мәдениетте бекиді де, адамның амал-әрекетін бағыттаушы құралға айналады.

Кез келген қоғамда рухани құндылықтар қадірленеді. Бүгінгі күні кез келген өркениетті адамның басшылыққа алуы тиіс қалыптары мен мұраттары әдебиет пен өнер туындылары, баспасөз, радио, теледидар тәрізді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихатталады. Әдет ғұрыптар мен дәстүрлер, қағидалар мен ережелер тәрізді мәдени нормалар олардың сақталуы мен бұзылуын қатаң қадағалап, қоғамда маңызды қызмет атқарады. Адамдар өмірге келеді, өмірден өтеді, соның арасындағы әлеуметтік өмірқамы әрбір ел мен халықта, ұлттар мен ұлыстарда қабылданған заңдармен қатар, салт дәстүрлермен де реттеледі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) 1990-жылы 12-қаңтарда өз алдына дербес мүфтият ретінде құрылғалы бері қазақ халқының іргелі ұлттық құндылықтарын насихаттап келеді. Басқарма жамандықтан тыйып, жақсылыққа шақыратын дәстүрлі ислам дінін тарату, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар уағыздарының дұрыс насихатталуын қамтамасыз ету, діни рәсімдердің толық әрі дұрыс орындалуын қадағалау (ханафи мәзһабына сай), Қазақстан мұсылмандарының бірлігін сақтау, облыстардағы өкіл имамдар арқылы мұсылман жамағатының діни мәселелерін шешу, республикада ислам дінін оқытып-үйрететін мамандар даярлау, сондай-ақ, шетелдік діни

ұйымдармен, бірлестіктермен, оқу орындарымен қарым-қатынас орнату, діни әдебиеттер, оқулықтар сияқты қажетті басылымдарды әзірлеу және т.б. мақсатты жұмыстарын қазақ тілінде жүргізіп жатқан бірден-бір қоғамдық бірлестік. Өйткені төлтума ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер жүйесін сақтаған халық қана өзінің рухани мәдениеті мен өзіндік діни дүниетанымын таныта алады. Ата-бабадан қалған дәстүрге, мәдени мұра мен рухани құндылықтарға деген немқұрайлылық ассимиляциямен сипатталатын ұлттық трансформацияның келеңсіз құбылыстарына әкеліп соқтырады. Ал мәдени мұраға деген ілтипаттық қатынас пен оны байыту жалпы адамзаттық, әлемдік мәдениетке қосылған үлес болып табылады. Әлемдік өркениетке ену және өзіндік атсалысу осы ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып дамыту арқылы ғана жүзеге асады.

XX ғасырда жетпіс жыл бойы кеңестік атеистік билік үстемдігі тұсында Қазақ елінің саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени және этнодемографиялық келбеті үлкен өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Бұрыңғы патша өкіметінің және одан кейінгі коммунистік биліктің жүргізген отаршылдық саясаты салдарынан дін мен рухани мәдениетке орасан зор нұқсан келді. Тек саяси тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін ғана қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталды. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі міндеттерді шешуді жүктейді: ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі іргелі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен діни дәстүрді қайта жаңғырту; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың

тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, өзіндік тарихи, ұлттық және діни сананы қалыптастыру арқылы мәңгүрттік жағдайдан арылу.

Діни басқарманың іргелі ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы рөлі жайында тоқталайық.

1. Ана тілдің өміршендігіне қосқан үлесі

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ана тілдің өміршендігіне зор үлес қосып келеді. Өйткені ұлттық мәдениетті түлетуде ана тілі түбірлі мәнге ие болады. Алла Тағала Қасиетті Құранда: **«Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің, түстеріңнің алуандылығы да Оның белгілерінен. Шүбәсіз, бұларда білгендер үшін белгілер бар»** («Рум» сүресі, 22-аят) деп әр халықтың өзіне тән тілінің болуын Жаратқанның бар және бір екендігінің, құдыреттілігінің дәлелі ретінде атап көрсеткен. Тіл – ұлттық болмыстың өзекті тірегі және этностық тұтастықтың түпнегізі. Тіл – халықтың барлық өткен мәдениеті мен тарихи өзіндік санасы материалданып жинақталып сақталатын негізгі тірек. Қазақы ойлаудың ұлттық ерекшелігі оның тіліндегі «әдеби демократизмнен де, қорғасындай салмақты даналықтан» да көрінеді. Көшпенділік өмірдің сан ғасырлық және сан салалық тәжірибесін тал бойына сіңірген ұлттық тіл жиырмасыншы ғасырда жойылудың аз-ақ алдында қалды. Қазақтардың көпшілігі ана тілін ұмытуына байланысты қазақ тілінің қызметтік өрісі тарылып, соның салдарынан ұлттық мәдениеттің жалпы қуаты кеми бастады. 1989 жылы қабылданған «Тіл туралы заңда» қазақ тілі мемлекеттік деп, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп жарияланды. Бұл тілдік мәртебелер 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Ата заңында бекітілді.

Тәуелсіздік алғалы отыз жылдан бері этнодемографиялық ахуал өзгерді, мемлекетқұраушы халықтың үлесі жетпіс

пайыздан асты. Сол себепті ақпараттық кеңістіктегі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мәселесі жиі көтерілуде. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арналған жолдауында: *«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек»*, – деп көрсетті. Осы қажеттілікке сәйкес Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы дін қызметкерлерінің мемлекеттік тіл – қазақ тілін білуін назарда ұстайды.

Діни басқармаға қарасты барлық мешіттерде жұма уағызынан бастап, барлық деңгейдегі насихат жұмыстары (теледидар, радио, басылымдар, әлеуметтік желілер), құжаттамалар, хат алмасулар (шет елдерді қоспағанда) толықтай ана тілімізде жүргізіледі. Дегенмен өзге ұлт өкілдері көбірек келетін мешіттерде орайы келгенде орыс тілінде түсіндірме жасалады. Өзге ұлт өкілдерінің тіл мәселесін ескеріп, орыс тілінде уағыз жүргізе алатын Республикалық ақпараттық насихат топ (РАНТ) мүшелері бекітіліп, қажеттілікке сай дін насихатын жүргізуде. Сонымен қатар Діни басқарма жанынан шығатын газет журнал да тек қазақ тілінде жарық көреді. Еліміз бойынша іс қағаздарды қазақ тілінде жүргізетін бірден бір мекеме – Діни басқарма. Осы тұрғыдан Діни басқарма ана тіліміздің дамуына үлкен үлес қосып келеді.

Қазіргі таңда ҚМДБ-ның имам-ұстаздары қатарында өзге ұлт өкілдері де бар. Сондықтан олардың мешіт жамағатымен алтын көпір орнатуы үшін мемлекеттік тілді білуі маңызды. Сондай-ақ діни терминдердің қазақша айтылуы мен жазылуының бірізділігі жолға қойылды. «Қазақ тіліндегі діни сөздер мен терминдердің орфографиялық сөздігі» (Алматы, 2022 ж.) атты кітап шықты.

2. Салт-дәстүрді жаңғыртудағы рөлі

Елдің еркін де дербес дамуы саяси тәуелсіздікпен қатар мәдени-рухани бостандықты да қажет етеді. Діни сенімді теріске шығарған бұрынғы коммунистік идеология құлаған соң қоғамда жаппай дінге бет бұру үдерісі орын алды. Санадағы саңылауды ұлттық ағзаға жат орыстандыру, батыстандыру, арабтандыру немесе басқа да үрдістердің тұрпайы үлгілерімен толтыру төлтума дамуға сеп болмайды. Ұлт секілді күрделі әлеуметтік бірліктің тарихи да табиғи дамуы түбегейлі ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту арқылы жүзеге асады. Бұл тұста дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдықтың дұрыс арақатынасын табу аса маңызды.

Жер бетін мекен еткен халықтардың әрқайсысы өзіндік тілі және дінімен, мәдениеті және дәстүрімен ерекшеленеді. Қасиетті Құранның «Хужурат» сүресінің 13-аятында Жаратушы Алла адамзат баласына **«...Сендерді бір ата-анадан жараттық, сондай-ақ, бір-біріңді тану үшін ұлттар мен ұлыстарға бөлдік»** деген. Демек біртұтастықтағы алуантүрлілік Алла Тағаланың хикметі екендігі даусыз. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қоғамда қалыптасқан исламға қайшы келмейтін ғұрыптарды қолдануға тыйым салмаған. Сондықтан мұсылман үмбеті әр елдің қалыптасқан салт-дәстүріне түсіністікпен қарап, шектен шыққан төзімсіздікке бармайды. Тарихи тағдырына орай діни, мәдени тұрғыда әртекті елге айналған біздің республикамызда әуел бастан ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім сақталып келеді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртуға өзіндік үлкен үлес қосты. Осы күнге дейін атадан қалған жол – дін мен дәстүрді жақындастыруға барынша күш жұмсап келеді. Жергілікті жамағат ата-бабадан аманат болып жеткен матуридилік таным мен ханафи мәзхабындағы сүнниттік исламды ұстанып келе жатқандықтан күнделікті амал-

әрекетте және маңызды шешім қабылдауда Құран мен сүннетті, сондай-ақ ижмағ, қияс, истихсанмен қатар, әдет-ғұрыпты басшылыққа алады. Енді ұлт жадынан ұмытыла бастаған имани құндылықтарды қайта жандандырудың реті келді. Діни басқарма кезінде баһадүр бабаларымыз арнасын салып кеткен, кейіннен көмескі тарта бастаған соқпақтың сұлдерін тауып, соны қайтадан сара жолға айналдыру мақсатында «Дін мен дәстүр» жылын жариялап, аталмыш тақырыпта екі томдық кітап шығарды. Осылайша, ұлттық табиғатпен сабақтас шарияттағы мәзһаб пен танымдық мектепті тұғырлап, үзілгенді жалғап, жоғалтқанды түгендеу арқылы сан ғасырлық тарихы бар діни дәстүрлерді қалпына келтіруге, сол арқылы қазақтың толыққанды ұлтқа, Алаштың іргелі елге айналуына қомақты үлес қосты.

Қазақ халқының салт-дәстүрі ғасырлар бойы шарият амалдарымен астасып кеткен. Мәселен, сәби дүниеге келгенде құлағына азан шақырып ат қою, қалжа сойып ақиқа беру, ер бала жеті жасқа келгенде сүннетке отырғызу, аузы дуалы адамдарға баланың аузына түкірту (тәхник жасау), неке қию, дем салу, ыдыстардың бетін жабу, нанды қадірлеу, ас ішер кезде «бісімілләмен» бастап, шүкірмен аяқтау, ас қайтару, үлкенге дауыстап сәлем беру, жолға шыққанда садақа беру, бейсенбі, жұма күндері әруақтарға Құран бағыштап, жеті шелпек пісіру, көңіл шәй, жарамазан айту, құрбан шалу, адам қайтыс болғанда кебіндеп, жаназасын шығарып, арулап жерлеу және т.б., көптеген салт-дәстүрлердің барлығы исламнан бастау алады. Бұл дәстүрді қазақ халқы кешегі Кеңес дәуірінде де тастаған жоқ.

Еркіндіктің самал лебін сезінген қазақ халқы ұзақ уақыт бойы қысымға ұшырап келген салт-дәстүрді қалпына келтіруге ұмтылды. Тұншығып келген дәстүрлі әдет-ғұрыптар жаңғыртылып, наурыз, ораза айт, құрбан айт мерекелері жыл сайын тойлана бастады. Құрбан айт елімізде тағылымды діни мереке ретінде мемлекеттік деңгейде аталып өтуде. ҚМДБ

Құрбан айт пен Ораза айтты тойлаудың әдебі мен мәдениетін қалыптастырды. Ислам дініндегі ең ұлық екі мереке болса, соның бірі – Ораза айт. Мұфтият бұл мерекенің де Құрбан айтпен тең дәрежеде тойлануына атсалысуда.

Сонымен бірге, ұлттық мереке – Наурызды тойлауға да ҚМДБ ерекше көңіл бөледі. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл мерекенің тәлім-тәрбиелік жағы да басым. Араздасқан адамдардың татуласуы, бірін бірі кешіруі, үлкендердің бата беруі секілді қоғамдық әдептер осы күні кеңінен насихатталады. Осы мерекенің аясында орындалатын терме, айтыс секілді сөз өнерінің де адамзат баласын жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруда тигізер пайдасы мол.

3. Би-шешендер мен қазақ ойшылдарының мұрасын насихаттау

Ислам діні сонау VIII ғасырдан бастап қазақ даласына енгеннен бері Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр сынды руханият көсемдерінің ағартушылық қызметі мен шығармалары қазақ халқының салт-санасына, рухани болмысына сіңіп кеткен.

Ислам дінінің халық жадына сіңіп, тамыры тереңге тартуы жолында ойшыл-даналарымыз, ақын-жырауларымыз, қожа-молдаларымыз, би-шешендеріміз ерен еңбек сіңірді. Құран аяттары, пайғамбар сүннеті мен шарифаттың жасампаз дәстүрлерін халқымызға өз тілінде, жандарына жақын келетін шешендік сөздері, өлең-жырлары, шығармашылықтары арқылы насихаттады. Мәселен, қазақ билер институты ғасырлар бойы көшпенділер өркениетінде саяси, әлеуметтік, құқықтық, әдет-ғұрыптық, әкімшілік, қылмыстық қатынастарды мүлтіксіз орнықтырып келді. Билердің ойлау мәдениеті ұлттық ойлау жүйесінде ең бір көрнекі орын алады. Билер институты мемлекеттің саяси және әлеуметтік құрылымын ғұрыптық

құқықтық іске асырылуын қамтамасыз ететін әлеуметтік құрылым болды. Қазақтың ел басқару мәдениетінде қалыптасқан заңды институт – билер институты әдет пен шарифатты сабақтастыра отырып, дала демократиясының үлгісін танытты. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік пен билер шешімі ұлттық мәдениетте ислам дінімен астасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар аясында жүзеге асты. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген ұстынды ту етіп ұстаған дала демократтарының бойындағы қасиеттер мен билер тағылымы өзектілігін бүгінгі күні де жойған жоқ.

«Түгел сөздің түп атасы» Майқы биден Шәкәрімге дейінгі Ұлы дала билерінің ойлау ерекшеліктері қазақ халқының сана-сезімі қалыптасуына үлкен ықпал етті. Дархан дана бабалардан, билерден қалған асыл мұра – «аталы сөз» немесе шешендік өнер рухани қазынаның мәңгі құндылығы болып есептеледі. Сонау Анарыс, Тоныкөк, Қорқыт ата заманынан басталған билік дәстүр Аяз би, Асан қайғы, Бәйдібек би, Өнет баба тұсында сабақтастығын сақтады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер сотының қалыптасуы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысымен» байланысып, «дәуірдің үш кемеңгері» атанған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің нақыл сөздерінде ислами бояумен қанықты.

Қазаққа аты мәлім Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Би деген – ақ шарифат» – деп билердің қазақ қоғамында алатын орны жоғары екенін баса айтқан. Үш жүздің билерінің есімдерін атай келе «Құдай жаратқан билер» – деп түйіндеген. Билердің тұсында талас-тартыс, ұрлық, жала жабу болғанымен де, істің ақылмен, баппен, бір сөзбен шешіліп отырғаны ақиқат. Дәстүрлі қазақ қоғамында мәселенің шешімін, қазылығын, төрелігін айттыру үшін жұрт ел арасында барынша *ақылдылығымен, әділдігімен және турашылдығымен* көзге түскен адамдарға жүгінетін болған. Мұндай дарын болашақ билерге бала жасынан-ақ берілуі немесе халық арасында беделді, «аузы дуалы» адамның батасын алу арқылы болуы мүмкін.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бүкіл еліміздегі мешіттердің барлығында жұма намазының уағыздарын бірізділікке салып, қазақ билері мен ойшылдарының мұрасын насихаттауға үлкен көңіл бөледі. Бұл шара әр аймақтардағы имамдардың жат жерлік идеологияға ұрынбай, дәстүрлі дүниетаным арнасынан ауып кетпеуін қадағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан да имамдар өз уағыздарында діни тақырыптың мәнін ашу үшін қазақ билерінен қалған асыл сөздің мәйегін ұтымды пайдаланады. Сонымен қатар, уағыз барысында қазақ ауыз әдебиетімен қатар, авторлық поэзия мен жазба мәдениет өкілдерінің «қорғасындай салмақты» ойлары қолданылады. Өйткені, «қилы замандағы» қазақтың Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Сыпыра, Жиембет жыраудан Бұқар Қалқаманұлына дейінгі жыраулар поэзиясының, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы тәрізді «зар-заман» ақындарының, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды «жаңа заман» ойшылдарының, Алаш ардақтылары мен «қазіргі заманғы» зиялы қауым өкілдерінің шығармалары ислами тәлім-тәрбиеге өзек болатын ғибратты толғамдарға тұнып тұр.

Бата беру – қазақтың рухани құндылықтарының бірі. Дуалы ауыз абыздар мен көпті көрген қариялардың батасын алған ұрпақтың келешегі де кемел. Сондықтан да, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы ұлттық бата беру салтына да ерекше көңіл бөліп келеді. Осы ұлттық құндылықты қайта жаңғырту мақсатында бірнеше игі шаралар өтті.

4. Діни ағартушылардың мұраларын насихаттау

Ислам діні мен құндылықтарын сақтауда ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы діни-ағартушылық ақын-жыраулар шоғырының маңызы мен рөлі ерекше болды.

Бұл шоғырдың қатарына Ақмолла Мұхамедиярұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әбубәкір Кердері, Нұржан Наушабайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мақыш Қалтайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Мәделіқожа Жүсіпұлы, Жүсіпқожа Шайқысламұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Шәңгерей Бөкеев, Мұсабек Байзақұлы, Ақтан Керейұлы, Әріп Тәңірбергенұлы сынды тұлғаларды және т.б. ағартушыларды айтуға болады.

Діни ағартушылықпен айналысқандардың тұтастай бір шоғыры Сыр сүлейлері мен кітаби ақындар деген атпен белгілі. Олар: Базар жырау Оңдасұлы, Ешнияз сал Жөнелдікұлы, Жиенбай Дүзбенбетұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы, Оңғар Дырқайұлы, Күдері қожа Көшекұлы, Даңмұрын Кенжебекұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Қаңлы Жүсіп, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Мәнсұр Бекежанұлы, Молдахмет Дабылұлы, Тұрымбет Салқынбайұлы, Сейітжан Бекшентайұлы, Мұзарап Жүсіпұлы, Шәді Жәңгірұлы және т.б. Бұлардың барлығы да медреселерден немесе ахун-ұстаздардан білім-тәрбие алып, халықты имандылыққа шақырып, Алланың бірлігі, Құранның хақтығын, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың өнегелі өмірін насихаттады.

Діни ағартушылардың мұрасын насихаттауда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы барынша ауқымды шаралар атқарып жатыр. Өйткені қазақстандық мұсылман үмбетінің тұтастығын сақтауда, заманауи сұхбаттық дискурсқа түсуге әлеуеті мол дәстүрлі ханафилік мәзһабты насихаттауда, діннің атын жамылған деструктивті ағымдардың идеологиясына қарсы тұруда діни ағартушылар мұрасының атқаратын рөлі ерекше.

5. Аталардың рухани мұрасын насихаттау

Қазақ руханиятының тарихында аталар институтының алатын орны ерекше. Арабша «шайх», парсыша «пір» деген

сөздердің баламасы ретінде айтылатын «ата» ұғымы рухани ұстазға қарата қолданылған. Ахмет Йассауидің рухани ілімі негізінде пайда болған бұл институттың басты міндеті түркі жұртына ихсан ілімін тарату болған. Осы жолды ұстанған Ибраһим ата, Ысмайыл ата, Ысхақ ата, Шопан ата, Зеңгі ата, Қамбар ата, Жылаған ата, Ұкаша ата, Құсшы ата, Бекет ата секілді т.б. рухани ұстаздар өздерінің даналық сөздері мен ғибратты өсиеттері арқылы кемелдік ұстындарын кеңінен насихаттаған. Олар шарифат шарттары мен сопылықтың сырлы әлемін біртұтастықта қарастырып, имандылық иірімдерінің бастауы Жаратушыға деген махаббатта жатқанын алға тартқан. Олар Халиқ пен махлұқты, яғни Жаратушы мен жаратылысты махаббатпен тану концепциясын ұсынған.

Қараһандықтар мен Алтын Орда тұсында қазақ руханиятының негізі болған аталар мектебі Қазақ хандығынан бастап ишандық мектепке ұласқан. Ахмет Йассауи мен Баһауддин Нақышбандтың кемелдік мектептерінің синтезі нәтижесінде пайда болған «ата» һәм «ишандық» мектептері қазақ руханиятының негізгі тіректерінен саналады. Йассауидің рухани жолының (тариқатының) алтын тізбегі (силсиләсі) бертін келе үзілгенімен де, Йассауи мәдениеті қазақ болмысымен қатар өмір сүріп келеді. Бүгінде киелі жерлердің қатарынан саналатын Ибраһим ата, Ысхақ ата, Ұкаша ата, Бекет ата сынды рухани ұстаздардың тарихи-мәдени ескерткіштері мен халықтың бай ауыз әдебиеті соның жарқын дәлелі.

Бүгінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы кемелдік ұстындарына негізделген рухани жолға айрықша көңіл бөліп келеді. Абайдың «Толық адам» концепциясы негізгі ұстын ретінде алынып, «Ихсан», «Толық адам» кітаптары оқырман назарына ұсынылды. Жергілікті мешіттерде осы рухани ілімнің ерекшелігі туралы уағыз-насихаттар жүргізіліп келеді.

6. Киелі орындарға рухани сапарлар ұйымдастыру

Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті он екі ғасыр бойы ислам дінімен тығыз байланыста дамыды және оның төлтума руханиятына ислам үлкен әсерін тигізді. Сол заманнан бері қазақ топырағында небір әулие ғұламалар, машайықтар, пірлер мен ахун, ишандар дүниеге келіп, елге, дінге рухани қызмет етіп, жергілікті халықтың жүрегі мен жадында мәңгіге қалды.

Исламдағы қасиеттілік немесе киелілік осы тұлғалар тұтынған заттар мен ислам аманаттарын, олардың қабірлерін, сәулет өнерінің жәдігерлерін және т.б. зиярат етуден көрініс табады. Әрине, зияраттың ең үлкені мұсылмандар үшін қасиетті мекен, исламның бес парызының бірі саналатын қажылықты атқару орны – Мекке Мұкаррама (Асыл текті) мен Мұхаммед Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) он жыл бойы мұсылман мемлекетін құрып, аяққа тұрғызған Мәдина Мунаууара (Нұр келбетті) шаһарларын барып көру. Әрине қажылық пен зиярат екі бөлек құбылыс. Мысалы, Меккедегі қажылық міндеттелген парыз болса, Мәдинаға зиярат құптарлық амал.

Соңғы онжылдықтарда біздің елімізде және жалпы әлемде діни сананың жаңғыруына орай қасиетті жерлер, ғалымдар мен әулиелердің қабірін зиярат ету белең алып келеді. Бұл әсіресе, кеңестік империя күйрегеннен кейінгі тәуелсіз достастық елдерінен, оның ішінде біздің еліміздегі діни ахуалдан айқын аңғарылады. Мысалы, елімізде Түркістандағы Қ.А.Йасауи, Отырардағы Арыстанбаб, Маңғыстаудағы Бекет ата, Алматыдағы Райымбек, Әлмерек абыз т.б. кесенелерді зиярат ету анағұрлым танымал.

Қазақстанда «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында сакралды мәдениет ескерткіштерінің 78 нысанына реставрациялық жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда: Жәбрәйіл ата кесенесі, Қараман ата некрополі ((XII-XVII ғ.), Әулиекөл

(XIII-XV ғасыр), Айқожа, Ақтас, Асан Ата кесенелері (XVI-XVII ғасыр), Сарман Қожа (XI ғасыр), Арыстан баб кесенесі (XII ғасыр), Мөрәлі Баб (XII-XV ғасырлар), Қ.А. Йасауи (XIV-XV ғасырлар), Әбд әл-Әзиз Баб (XV-XIX ғасырлар), Қажы Тәліға (XVII ғасыр), Үшарал мешіт-медересесі (XIX ғасыр), Айша Бибі кесенесі (XII-XIII ғасырлар), Қарақожа мешіт-медресесі (XIX-XX ғасырлар), Бірмұнаралы және Екімұнаралы мешіттер (XIX ғасыр), Жаркент мешіті (XIX ғасыр), Шопан Ата кесенесі, Баба Ата кешені (XVII ғасыр), Ысқақ Ата кесенесі, Қалжан Ахун медресесі, Шаян ауылындағы мешіт-медресе, Жүсіп Ата кесенесі, Молда Қалан кесенесі, Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғасыр), Бекет Ата жер асты мешіті, Тараз жер асты мешіті және тағы басқалар. Бұл тұлғалар түркілік және қазақтың рухани тарихындағы «әулиелер» санатындағы көптеген сакралды тұлғалар шоғырының аз ғана бөлігін құрайды.

Әрбір ел мен халықтың өздері қастер тұтатын киелі нысандар мен тұлғалары болады. Бұл тарихи мұра халықтардың тарихи санасын сергітіп, ұлттың рухын оятады. Киелі орындар тарихи жадыны қалыптастырудың құралы болып табылады. Киелі орындарға рухани сапарлар ұйымдастыру мақсатында Діни басқарма «Дархан дала» жобасын іске асыруда. Еліміздегі киелі орындарға рухани сапарлар ұйымдастырып, діни туризмді дамытуға үлес қосуда. Рухани сапарлар ұйымдастыру болашақта да Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жіті назарында бола бермек.

7. Батырлардың ерлігін насихаттау

Ел мен жердің тұтастығы батырлардың ерлігіне тікелей байланысты. Сондықтан да, ел басына күн туғанда қолына қаруын алып жауға шапқан батырлардың ерліктері құрметке лайық. Алып Ер Тұңға, Шу, Алпамыс, Қобыланды, Алатау, Ер Сайын, Ер Көкше, Ер Тарғын, Ер Едіге, Қабанбай, Бөгенбай,

Наурызбай, Қарасай, Сыпатай, Райымбек, Сырым секілді т.б. батырлардың жау майданында көрсеткен ерліктері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие.

Ел қорғаған батырлардың ерлігін үлгі тұтқан халық оларға арнап жыр, дастандар шығарған. Халық ауыз әдебиетінің батырлық һәм тарихи жырларында олардың ерлігі ерекше суреттеліп, әспеттелген. Көне түркі, қараһандықтар, Алтын Орда және Қазақ хандығы тұсында өмір сүрген сол батырлардың есімдері осындай жыр жолдары арқылы ұмытылмастан, бүгінге күнге дейін жетіп отыр.

II Дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов секілді т.б. батырларымыз да өз елін жаудан қорғап, ерлік көрсеткен. Сондай-ақ тәуелсіз еліміздің шекарасы мен тыныштығын қорғаған ұландарымыз да ортағасырларда өмір сүрген батыр-баһадүрлеріміздің бүгінгі жалғасы.

Қасиетті дінімізде батырлар мен шаһидтердің ерлігі ерекше құрметтеледі. Батыр сахабаларға да дұға бағышталып, олардың дін тарату жолында тартқан қиыншылықтары мен азаптары діни кітаптарда кеңінен жазылған. Әсіресе, хазірет Әлидің көрсеткен ерліктері ерекше аталып, «Әлі шер», «Әлі арыстан», яғни «Алланың арыстаны» деп суреттелген. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы ел мен жер тұтастығы, тіл мен дін бірлігі жолында батылдық танытып, ерлік көрсеткен батырларымыз бен баһадүрлеріміздің өнегелі өмір жолын насихаттап келеді.

8. Жастарды отаншылдық пен патриотизмге шақыру

Патриотизм ұғымының өз туған жерің мен тұратын елің ретіндегі Отанға деген бауырмалдық және сүйіспеншілік сынды етжақын сезім екендігі белгілі. Ол қажет жағдайда адам мен қоғам үшін жеке игілікті құрбандыққа шалуға дайын болуды білдіреді. Патриотизм өзінің көрінісі мен жүзеге асырылу

формаларында бірнеше деңгеймен көзге түседі. Мысалы, жалпы мемлекеттік (немесе космополиттік); этностық немесе ұлттық; әлеуметтік-топтық; діни немесе конфессиялық және тұлғалық. Патриотизм идеология мен құндылықтардың өзіндік түлеуінің қайнар көзі, ең алдымен, қоғамдық және тұлғалық қажеттіліктермен сипатталады. Мемлекет қарулы қорғанысқа, ғылымның, экономиканың, мәдениет пен өнердің барынша жоғарғы жетістіктеріне, ұлттың өзіндік дамуының ішкі қайнар бұлағына мұқтаж болады. Демек, ол кез келген ұлттың немесе қоғамның өмірлік күшінің қайнар көзі болып табылады.

«Отанды сүю – иманнан» деген нақыл бар. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жастарды отаншылдыққа үндеп, патриотизмге тартуда үлкен жұмыстар атқарып келеді. Құран Кәрімде айтылғандай, балалық шақ пен кәрілік шақ адам баласының ең әлсіз кезеңдері болса («Рум» сүресі, 45-аят), ал оның аралығындағы белсенді кезеңді салиқалы амалмен өткізген ләзім. Ислам дініне сәйкес, қиямет күні адамзат баласының сұралатын негізгі төрт сұрағының бірі – жастық шақ. Осы қайталанбас жастық кезеңді бос әрі құр өткізбеу үшін қасиетті Құран мүмін адамдардың қылығын үлгі етеді: **«Олар бос сөз және пайдасыз істерден аулақ жүреді»** («Мүминун» сүресі, 3-аят), **«Бір іс біткенде дереу екінші іске кіріс, сонымен айналыс, Раббыңа жөнел!»** («Бақара» сүресі, 148-аят).

Жастық шақта әуесқойлық пен еліктеушіліктің қаупі жоғары болады. Әуелде шылым шегуден басталып есірткіге елту, ішімдікке салыну мен құмар ойындарына берілу, зина жасау салдарынан некесіз баланы дүниеге әкелу, тастанды сәбилердің көбейуі секілді келеңсіз құбылыстар қоғамда орын алуда. Мұның бәрі жастардың жауапкершілікті дұрыс түсінбеуі және бос уақытты тиімді іске пайдаланбауынан болып отыр. Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы әртүрлі акциялар және жұма уағыздары арқылы жастарды салауатты өмір сүруге шақырады. Жақсы мен жаманды, дұрыс пен бұрысты, сауап пен күнәні айыруға негізделген

имани тәрбиені насихаттауды, сондай-ақ, «адам досының дінінде болады» демекші жастардың араласатын ортасына аса мән беруге шақырады. Олардың бірге оқитын немесе бірге қызметтес болғандар, көшедегі достары, жора-жолдастары мен әріптестері жас жеткіншекке үлкен әсер ете алады. Сол үшін әрбір мұсылман ортаны дұрыс таңдай білуі немесе өзінің көркем мінезімен кез келген ортада жағымды ықпал ете білуі тиіс.

Жастардың өз жеке басымен қатар, отбасы мен қоғамға пайда әкеліп, уақытын жақсылыққа жұмсауы үшін әрі «қолын мезгілінен кеш сермемеу» үшін күнделікті және ай мен жылға арналған жоспары болуы керек. Осы бағытта ҚМДБ «Мұсылман күнтізбесі», «Рамазан күнделігі» сынды нұсқаулықтарды ұсынуда.

Діни басқарма «Жастар секторын» ашып, әрбір өкілдік жанынан жастармен айналысатын, оларға бағыт-бағдар беретін, жастарға арналған түрлі шараларды ұйымдастыратын жауапты имамдарды бекітті.

Имандылыққа бет бұрған жастарға діни тәлім-тәрбие беретін дәрістер мен сұхбаттар өтіліп, діни және ұлттық патриотимзді насихаттауда елеулі үлес қосып келеді. Діни басқарма ел ертеңіне үлкен үмітпен қарап, жастардың бойына отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімін егуге өз үлесін қоса береді.

9. Жастарды білім алуға үндеу

Қазіргі жастардың, оның ішінде қазақстандық жастардың дұрыс білім алуы мен ұлттық және діни құндылықтардың жағымды қалыптасуы – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жіті назарында. Әрине зайырлы білім мен діни білімнің арасында айырмашылық бар. Дегенмен шариғат жаратылысты танып-білуге тыйым салмайды. Керісінше,

исламның қайнар көздері мұсылманның білім алуға ұмтылысын барынша талап етеді. Құранда бұл жайында былай деген: **«(Алла) Адамға бүкіл атауларды үйретті»** («Бақара» сүресі, 31-аят), **«Егер өздерің білмесеңдер, білім иелерінен сұрандар»** («Нахыл» сүресі, 43-аят), **«Раббым, білімімді арттыр деп айт»** («Таһа» сүресі, 114-аят), **«Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма деп айт»** («Зумәр» сүресі, 9-аят), **«Ақиқатында Алладан білімді құлдары ғана қорқады»** («Фатыр» сүресі, 28-аят), **«Алла сендерден иман келтіргендер мен білім бергендерді биік дәрежелерге көтереді»** («Мүжәддәлә» сүресі, 11-аят). Ал хадисте *«Білім іздену – әрбір мұсылман ер мен әйелге парыз»* деп бұйырады. Діні мен дәстүрін сабақтастарған бабаларымыз *«Білімді мыңды, білекті бірді жығады»*, *«Білім алу инемен құдық қазғандай»* деп білімнің артықшылығын айтып кеткен. Алаштың зиялысы Мұхтар Әуезов болса *«Халықпен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім»* деген.

Шариғатта білімді үш түрге бөліп қарастырады: *парыз білім, тыйым салынған білім және мәндүб білім.*

Жаратылыстану және техникалық білімдердің басым көпшілігі ислам дінінде мұбах саналады, олардың шариғатқа қайшы келмейтін мәселелерін оқуға тыйым салынбайды. Астрологияға тыйым салынғанымен, құбыла мен намаз уақыттарын анықтауға сеп болатын астрономияны оқып үйренуге рұқсат етіледі. Сонымен қатар, адасқан топтарға жауап қайтаруға дайын болу үшін иләһият, мантық пен кәлам ілімдерін игеруге болады. Парыз және басқа да ізгі амалдардың дәлелдерін тереңірек зерттеуге қатысты болған білімді «мәндүб ілім» дейді. Оның мысалына медицина ғылымын келтіруге болады: адам медицина ілімінен өз тәніне зиян келтіретін заттардан сақтана алатындай мөлшерде білім алуы – мұстахаб.

Діни басқарма жастарды білім алуға үндеу барысында ислам дінінің білім алуға деген талабын насихаттай отырып, ғалымдар мен бабаларымыздың өсиеттерін жеткізіп келеді.

Білім алудағы бірінші мақсат Алла разылығы үшін үйрену, екіншіден алған білімін өзгелерге үйрету, үшіншіден елі мен отанының гүлденуі үшін білімін тәжірибеге асыру. Білім алу үшін жолға шығу үлкен сауап іс болса, білімсізге білім беру – садақа болмақ. Ілім – адал мен арамды айыратын белгі, жол көрсетуші жарық, жалғыздықта жолдас, жатжерде серік, оңашада сұхбаттас, дұшпандарға қарсы қару, дос-жарандардың қасында абырой болмақ.

Діни басқарма уағздар мен келелі кездесулерде, семинарлар мен конференцияларда жастарға білім алудың артықшылығын насихаттап, жастарды сауатты мұсылман болуға шақырып келеді.

10. Өнер мен мәдениеттің қолдаушысы

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы дәстүрлі және ұлттық құндылықтарды жаңғырту барысында жалпы руханиятты, оның ішінде өнер мен мәдениетті барынша қолдайды. Мындаған жылдық дәстүрі мен тарихы бар Ұлы дала өркениетінің мирасқоры болып саналатын «күйін күмбірлетіп, ән салып тұрғандай көрінетін қазақ даласы» мен халқы тәуелсіздік тұсында қазақы болмыс пен ұлттық менталитетті, оған өзек болған ұлттық өнер мен әдебиетті қайта жаңғыртуға ұмтылды. Ұлт пен мемлекет дамуындағы мұндай оң өзгерістер, ең алдымен санада ұлттық ойлауды қалыптастырғанда ғана мүмкін болады. Ұлтты ұйыстырудың мәйегін құрайтын төл мәдениетті қайта өркендету бағытында атқарылатын шаралардан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да тыс қалмайды.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен, ертегілері мен аңыз-әңгімелерінен, батырлық және ғашықтық жырлардан, түркі дәуірінің жазба мәдениет ескерткіштері мен ғылыми лингвистикалық, музыкалық сөздіктер мен трактаттардан бастау алатын эстетикалық мәдениет пен қазақтың дәстүрлі ән мен күй, жыр мен дастан үлгілері мен нұсқаларындағы

ойын мен ырғақ, саз бен наз, әсемдік пен көркемдік, батырлық пен парасат дәстүрлі діни дүниетаным аясында жүзеге асты. Осылайша дәстүрлі әдебиет пен өнердің мәні мен мазмұны діни этика мен эстетиканың тұтастануымен ұлт болмысы мен үйлесімділікті танытатын феноменге айналды.

Халық даналығындағы ой толғау үрдісінің ерекшеліктері қазақ халқының ділі және дінімен сипатталатын дүниетаныммен байланыса келе, дәстүрлі өнермен біте қайнасып кеткен халықтық руханилықтың танымдық, ақпараттық және тәлім-тәрбиелік қоғамдық қызметтерін атқарды. Халықтың рухани мұрасында өнердің алатын орны, өнердің ішіндегі күйшіліктің маңызы ерекше. Қазақ халқының төл туындысы – күй өнерінің мәдени мәні халық арасынан шыққан күйшілердің шығармашылығынан айқындалады. Қорқыт атаның «Сарыны» мен «Башпайындағы», Кетбұғаның «Ақсақ құланындағы», Асан қайғының «Ел айрылғаны» мен Қазтуғанның «Сағынышындағы», Тәттімбеттің «Ерке сылқымы» мен «Саржайлауы», Құрманғазының «Сарыарқасы» мен «Адайындағы», Нұрғисаның «Аққу күйі» мен Секеннің «Көңіл толқынындағы» күй тілі мен саз өрнегі, күйге арқау болған өмір құбылыстары тыңдарманды ерекше әсерге бөлейтіні даусыз.

Қазақ әдебиетінде діни сарынның басым болғаны мәлім. Өйткені ислам діні сонау VIII ғасырдан бастап қазақ даласына енгеннен бері Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йасауи, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр сынды руханият көсемдерінің ғана емес, жалпы қазақ халқының салт-санасына, тұрмыс тіршілігіне сіңіп кеткен.

Атеизм үстем болған кеңес заманында коммунистер XIX ғасырда өмір сүрген діни-ағартушылық бағыттағы әдебиеттің көптеген өкілдерін тарихтан алып тастауға тырысты. Елдің келешекте гүлденіп, көркейіп дамуы оның нәрлендіруші тамырдан, яғни халқымыздың бай діни және ұлттық рухани-

мәдени мұрасынан ажырамауына тікелей байланысты деуге болады.

11. Діни мерекелерді дәстүрге сай атап өту

Дін ұстанудың айшықты бір белгісі діни мерекелерді атап өтуден көрініс табады. Қазақ халқы ежелден бұл мерекелерді елеусіз қалдырмаған. Оның дәлелін қазақы есімдерден табуға болады: Ережеп, Айтқазы, Оразбай, Рамазан, Құрбанәлі, Аллаберген және т.б. Исламдық дәстүрге сай Мұхаммет, Махамбет, Мәмбет, Ахмет, Ыбырай, Ысмайыл, Ыдырыс, Ілияс, Иса, Мұса сынды пайғамбар есімдерімен қатар Әубәкір, Омар, Оспан, Әлі деп аталатын саңлақ сахабалардың аттары қазақтарда ерте заманнан осы күнге дейін жиі кездеседі. Бұл да болса ислами құндылықтардың дәстүрлі ұлттық құндылықтармен терең сіңісіп кеткенін байқатады.

Бұрынғы патшалық Ресей билігі бұратана мұсылман халықтарын шоқындыру мен орыстандыру саясатын жүргізсе, ал кейінгі большевиктік партиялық номенклатура мешіт пен шіркеуді мемлекеттен ажыратып, дінді қоғамдық және жеке өмірден ығыстырып қана қоймай, діндарларды барлық құқықтарынан айырып, қудалаудың небір қитұрқы шараларын жүргізді. 1926 жылы Кеңес Одағында мұсылман халқы наурыз мерекесін соңғы рет тойлады. Үкімет бұдан былай оның өткізілуіне тыйым салды. Қазақ Орталық Атқару комитеті жанына дін мәселесіне байланысты комитет құрылып, осы жылдан бастап барлық діни мейрамдар үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынды. Комитеттің құзырына еңбекші бұқарасы мен жастар арасында діннің зияндығы жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, үкімет саясатына кедергі келтіреді деген діни әрекеттерге тосқауыл қойды. Барлық діни ұйымдардың жұмыстары қатаң қадағаланды. Діни мектептер жабылды. Халық арасындағы дінге қарсы насихат жұмыстары мен үкіметтің

нұсқау, қарар, қаулылар «Құдайсыздар қоғамы» арқылы жүзеге асырыла бастады. Әр жерде құрылған құдайсыздар ұйымына қалалық кеңестер басшылық жасады.

Құдайға құлшылық жасау, діни жиналыстар мен діни мерекелер өткізу кеңестік жүйеге жат деп саналып, оларды атап өтуге мүлдем тыйым салынды. Осы қаулылардан кейін барлық мешіттер мен шіркеулер жабылып, оның дүние-мүлкі мемлекет меншігіне көшіріле бастады. Дін қызметкерлеріне, тіпті олардың отбасыларына да қысым көрсетілді. Діни ұйымдардың пайдаланатын ғимараттары мен мүліктері кеңес өкіметінің тиісті орындарымен жасалған келісім-шарт бойынша пайдаланылатын болды. Ғылыми атеизм пәнін оқу орындарында міндетті түрде өткізу жолға қойылды.

XX ғасырдың соңына қарай кеңестік империяның құлауынан кейін ғана күйреген коммунистік идеологияның орнына жаппай дінге бет бұру үрдісі орын алды. 1990 жылдың басында Орта Азия мұсылмандары діни басқармасынан бөлініп шыққан ҚМДБ еліміздегі діни үдеріске, оның ішінде ислами діни мерекелерді атап өту ісіне жетекшілік жасауды өз міндетіне алды. Жыл сайын «Мұсылман күнтізбесін» жасап, онда ислам дінінде қадірленетін атаулы күндердің датасын белгілеп беріп келеді.

Ислам дінінде зулқағда, зулхижжа, мұхаррам және ережеп айлары соғысып қан төгуге тыйым салынған «харам» немесе құрметті айлар саналады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) харам айларға қатысты былай деген: *«Жыл он екі айдан тұрады. Бұлардың төртеуі харам айлар. Оның үшеуі бірінен кейін бірі келеді. Бұл айлар зилқағда, зилхижжа, мухаррам. Төртіншісі болса, ережеп»* (Бұхари, Мұслим). Әдетте мұсылман қауымы жыл басын тойламаса да, мұхаррам айының өзіндік орны бар. Өйткені мұхаррам – хижра күнтізбесіне негізделген мұсылманша жыл санағының басында тұр. Хижри жыл санақ ардақты Мұхаммед пайғамбарымыздың

(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) 622 жылы Меккеден Мәдинаға қоныс аударуымен басталады. Мұхаррам айының оныншы жұлдызында Ашура күні белгіленген. Бұл күні Адам атаның (а.с.) тәубесі қабыл болған, Нұх пайғамбар (а.с.) кемесі тауға тоқтаған, хазірет Ибраһим пайғамбар (а.с.) отқа салғанда күймеген, Жақып пайғамбар (а.с.) ұлы Жүсіп пайғамбармен (а.с.) қауышқан делінеді.

Мұсылман күнтізбесінде қатар келетін ережеп, шағбан және рамазан айлары қасиетті саналады. Қасиетті үш айда жасалған ізгі амалдар мен ғибадаттарға сауап еселеніп жазылады. Хадис шәріпте: «Ережеп – Алланың айы, шағбан – менің айым, ал рамазан – үмметімнің айы», – деген. Бұл айларда Жаратушы Алла Тағаланың пенделеріне мейлінше мейірімділік танытып, рақымшылықпен қарайды. Сондықтан мұсылман жамағаты бұл айларға құрметпен қарап, құлшылықтарына көңіл бөледі. Ережеп айының жиырма жетінші түні «Миғраж» түні, яғни пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көкке көтерілген күні болып саналады.

Шағбан айының он бесінші түні «Бараат» түні деп аталады. Ал рамазан айы он екі айдың төресі саналады. Қасиетті Құран аяттары түсе бастаған бұл айда мұсылмандар отыз күн ораза ұстап, соңғы он күнінде «иғтикафқа» кіріп, құлшылығын күшейте түседі. Рамазан айының жиырма алтысынан жиырма жетісіне қараған түнді «Қадір» түні ретінде қабыл етеді.

Қазақ халқы оразаның қадір-қасиетін біліп, сол айда ізгі амалдар жасауға тырысқан. Рамазан айы жақындағаннан жарамазан айтып, ұлық айдың ерекшелігін, басқа айлардан артықшылығын кеңінен насихаттап, мұсылман баласын ораза ұстауға шақырған. Ораза ұстаған жанға ауыз аштыру сауапты іс болғандықтан бұл айда ауызашар беру дәстүрі қалыптасқан.

Қазақ халқы рамазан айы мен отыз күн ораза бітісімен үш күн бойы ораза айтты тойлайды. Айт намазынан кейін бір-біріне жақсы тілектер айтып. Айт күндері бауырсақ және ұлттық дәмді тағамдар даярлап, Құран оқып, «айт қабыл болсын» деген тілек білдіріп, дұға етеді. Үстеріне жақсы киімдерін киіп, алыс-жақын ағайын мен көрші қолаңға қыдырып, кең пейілмен «айттық» таратады. Бұл мерекеде ұлттық құндылықтар мен діни құндылықтар тамаша жарасым тапқан.

Ислам дінінде Ораза айтпен қатар ең ұлық мереке ретінде Құрбан айт аталады. Құрбан айт төрт күн тойланады. Ол күндері исламның бес парызының бірі қажылық құлшылығын өтейтін сәт. Айт намазынан кейін мүмкіндігі бар әр мұсылман Құран оқып, құрбандық шалады. Құрбандық шалу қазақ мәдениетіндегі орны ерекше. Мейірім мен шапағаттың, ізгілік пен кеңпейілділіктің қазығы болып, қоғамның рухани-адамгершілік негізін нығайтатын Құрбан айт мерекесі біздің елімізде ҚР «Мерекелер туралы» заңына сәйкес діни мереке ретінде тойланады.

Сонымен бірге, Пайғамбарымыздың туған күнін атап өтуге де ерекше көңіл бөлінеді. Пайғамбарымыздың өнегелі өмірін кеңінен насихаттау мақсатында «Мәуліт» мерекесі тойланып, арнайы рухани кештер ұйымдастырылады.

Діни басқарма діни мерекелерді шарифат пен дәстүрге сай өтізуді ұйымдастырып, өзіндік бір жол қалыптастырды. Ораза айт пен құрбан айт күндері барлық орталық мешіттер ауласында киіз үйлер тігіліп, айт намазынан шыққан жамағатқа дастархан жайылып, ұлттық тағамдар ұсынылып, ұлттық спорттық ойындар ойнатылып, жамағатқа дін мен дәстүр аясында айт мерекесін тойлаудың үлгісін қалыптастырды. Мешіттерде қасиетті күндер мен түндерге арналған түрлі шаралар ұйымдастырып, діни мереке күндерін жоғары деңгейде атап өту үрдісін жүзеге асырып келеді. Соның нәтижесінде біздің қоғамда аталмыш діни мерекелерді тойлаудың өзіндік әдебі мен мәдениеті қалыптасып келеді.

12. Отбасылық құндылықтарды сақтаудағы рөлі

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы отбасы тәрбиесі мен жас жеткіншектің ислам дініндегі ең жоғарғы адамгершілік құндылықтармен сусындауына қатысты мәселелерді қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (оған Алланың салуаты мен сәлемі болсын) сүннеті негізінде қарастырады. **«Байлық пен бала – дүние сәні»** («Кәһф» сүресі, 46-аят) деп аятта айтылғандай, көздің қуанышы, көңілдің жұбанышы болған ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу ең алдымен отбасынан басталады. Кез келген елдің іргесінің берік болуы мен қоғамның берекелі ұйысуы отбасындағы тәлім-тәрбие мен үлгі-өнегеге байланысты болып келеді. Сондықтан «Отан отбасынан басталады» деген мағынасы терең сөз бар.

Қазіргі қоғамда түрлі жағдайларға байланысты отбасылық құндылықтардың құлдырауының куәсі болып жүрміз. Отбасын құру үйленуден басталатыны белгілі. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде отау тігіп, шаңырақ құруға үлкен мән берген. Шаңырақ құрудың басты белгісі – ақ неке. Отбасы құруға ниетті жастар неке қимақ болса, имам мұсылман ер мен әйелдің отбасындағы міндеттері жайында насихат айтады. Отабасы құрудың мақсаты мен жауапкершілігіне көңіл бөлуді бұйырады.

Үйленуге ниет еткен кісі жар таңдауда жаңылыспауы қажет. Өзінің ішкі жан дүниесіне сай келетін, адал жар болатын, ата-анасын құрметтейтін және иманды болғанын таңдағаны жөн.

Шариғат бойынша ажырасу Аллаға ұнамсыз істің бірі. Бабаларымыз отбасы институтын құрып, бақытты өмір сүру салтын жүзеге асыра білді. Діни басқарма бабалардан қалған отбасы институтын нығайту бағытында көптеген жұмыстар атқарып, қайта жандандыру жолында сүбелі үлес қосып келеді.

Қоғамдағы ажырасу, некесіз сәбидің дүниеге келуі, суицид сияқты көптеген келеңсіз жағдайлардың орын алуының бір

себебі отбасыдағы ұлттық тәрбиенің ақсауынан. Сол себепті де жастар үйленер алдында дәстүр мен исламдағы неке және отбасы құндылықтарына терең көңіл бөлуі тиіс. Мұсылман ер жігіттің әйелі алдындағы, әйелдің ері алдындағы міндеттері мен құқықтарын жақсы білсе, келеңсіз жағдайларға жол берілмейді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы азаматтық қоғамның ықпалды бір ұйымы ретінде дәстүрлі отбасылық құндылықтарды жаңғыртып орнықтыру жолындағы қызметте бар күш-жігерін жұмсап келеді. Рухани (имани) және материалдық (адал табыс) тұрғыдан негізі берік құрылған, төрт құбыласы түгел отбасы қуатты мемлекеттің кепілі және абыройлы да ізгі ұрпақ өсірудің қасиетті мектебі болып табылады.

Діни басқарманың қоғам алдында көтеріп жүрген мәселесінің бірі – ысырапқа жол бермеу. Бұл келеңсіз құбылыс дүниеден өткен кісіге ас берумен қатар, отбасылық той-томалақ өткізуден де байқалып жүр. «Ас көп болса, кәде көп» деп айтылғандай, бүгінгі күні әртүрлі бағытта өткізіліп жатқан той мен садақалар өзінің бастапқы мәні мен формасының өңін айналдырып алды.

Шариғат ішімдекке тыйым салады. Соның ішінде той дастарханында ішімдіктің тұрғаны дұрыс емес. Дәстүріге сай той өткізу салты бұзылып, той барысында көрініс тапқан дарақылық, анайылық, салтымызға жат қылықтар мен арсыз әрекеттер ұрпақ тәрбиесіне зияны шаш етектен. Тойды өзара бәсекеге түсіп, қарыз бен несие алып өткізу шариғат пен дәстүрге қайшы.

Діни басқарма тойларда орын алып жатқан анайылықтың алдын алу үшін халықты қалыптасқан той мен мереке тойлау мәдениетімізге кейіннен кірме жат қылықтардан арылуға шақыра отырып, насихат жұмысын жандандыратын болады.

13. Ұлттық ойындарды насихаттау

Ұлттық ойындар адамзат өркениетінің қалыптасып, дамуындағы ерекше құбылыс болумен қатар, қазақ қоғамының құрамдас бір бөлігі. Ғалымдар ойынды ұлттық мәдениеттің бастау бұлағы әрі халықтың өмір салтымен бірге дамып отыратын ерекше феномен деп таниды. Интеллектуалдық ойындар адамзат баласының санасын, ойлау жүйесін жетілдірсе, ұлттық спорт ойындарының салауатты өмір салтын ұстануда тигізер пайдасы мол. Сонымен бірге, қазақ ойындарының ғибраттық, тәлім-тәрбиелік тұстары да жетерлік. Сондықтан да, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы салауатты өмір салтын қалыптастырып, ұлттық рухты көтеретін ұлттық спорт ойындарын насихаттауға да ерекше көңіл бөледі. Ардақты Пайғамбарымыз ат спорты туралы *«Адам баласы атты соңғы күнге дейін тастамас, өйткені сол арқылы оның бұл дүниеде де олжасы бар, ақыретте де сыйлығы бар»*, – деген (Бұхари, Мүслім). Хазірет Омар ибн әл-Хаттаб (Алла оған разы болсын) Мұхаммед пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Өз балаларыңа садақтан оқ атуды, суда жүзуді және атқа мінуді үйретіңдер»*, – деген хадисін жеткізген.

Өткен өмірі жылқы малымен біте қайнасқан қазақ халқы ат спортына ерекше көңіл бөлген. Көкпар, бәйге, аударыспақ, теңге алу, ат ойнату, шөген доп секілді ойындардың тарихы ғасырлар қойнауына кетері анық. Махмұт Қашқаридың «Диуани луғат әт-түрк» еңбегінде түркілердің шөген ойыны туралы мәліметтер қамтылған. Сондай-ақ, Мысырдағы мәмлүк-қыпшақтар билігі тұсында да түркі әдеби тілінде жазылған «Китәб фи илм ән-нушшәб», «Китәб фи рийәзәт әл-хәйл» атты көне жәдігерлерде де жамбы ату, атта серуендеу секілді спорт түрлері туралы көп мағлұмат кездеседі. Ұлттық құндылықтардың қатарынан орын алатын ұлттық ойындардың салауатты өмір салтын ұстануда да тигізер пайдасы мол. Денсаулықты Алла тарапынан берілген

аманат десек, оны барынша күтіп ұстау, салауатты өмір салтын ұстану – қашанда маңызды. Сондықтан да, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы Пайғамбардың сүннеті мен ұлттық спорт түрлерін насихаттауға ерекше көңіл бөледі. Мешіттерде Ораза айт, Құрбан айт, Наурыз секілді діни және ұлттық мерекелерде спорттық шараларды ұйымдастыруға назар аударып, күрес, жамбы ату, асық иіру, арқан тарту секілді ұлттық ойындар да жамағат арасында жиі ұйымдастырылады. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы осындай игі бастама арқылы діни шаралармен бірге, Пайғамбар үмбетінің салауатты өмір салтын ұстануына, ұлттық спорт түрлерінің қайта жандануына өз үлесін қосады.

Қорытынды

Қазақруханиятының негізі – діни және ұлттық құндылықтар. Бұл руханияттың тамыры ғасырлар қойнауында жатыр. Түркілік таным мен исламдық мәдениеттің синтезі нәтижесінде рухани құндылықтарымыз қалыптасқан. Ислам Қарахандықтар билігі тұсында түркілердің негізі дініне айналған. Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Йасауи, Сүлеймен Бақырғани сынды түркі ұландары Хақ діннің асыл қасиеттерін өлең сөзге қосып, барша түркі жұртын имандылыққа шақырған.

Жошы ұлысының негізінде қалыптасқан Алтын Орда тұсында ислам – мемлекеттік дін дәрежесіне көтеріліп, ұлыстың негізгі имани-сеніміне айналды. Фикһта – Ханафи, ақидада – Матуриди сенімі Дешті қыпшақ даласындағы негізгі ұстын болып бекіді. Осы тұста дін мен дәстүр сабақтасып, ислами мәдениет пен түркілік таным тұтастанды. Ғасырлар бойына жалғасып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сана ислами астар алды. Шариғаттың сүзгісінен өткен ұлттық құндылықтар жаңаша сипатта көрініс берді. Халықтың бай ауыз әдебиеті мен жазба жәдігерлерінде діни-дидактикалық сарын басты орында тұрды.

Соның нәтижесінде басқа мұсылман халықтарында кездесе бермейтін жарамазан айту, бата беру, мәуліт тойлау секілді дін мен дәстүрдің синтезінен туған дәстүрлер қалыптасты. Ұлттық һәм діни мерекелерді тойлау да бірізденді. Ғасырлар бойына тойланып келген наурыз мерекесі Алтын Орда тұсында ислами астар алды. Жошы ұлысының негізгі қаламгерлерінің бірі – Насир әд-Дин Рабғұзи наурыз мерекесінің ислами танымға жат еместігін ғылыми тұрғыдан негіздеді. Содан Дешті қыпшақ даласында бұл мереке кеңінен тойлана бастады. Бертін келе діни-танымдық, діни-дидактикалық һәм діни-сопылық сарында жазылған шығармалардың саны артты. Мешіт-медресе салудың өзіндік үлгісі қалыптасты.

Алтын Ордадан бөлініп шыққан Қазақ хандығында ұлыстың діни ұстанымдары сақталды. Ислам-иман-ихсан негіздері хандықтың басты діни тірегіне айналды. Сопылық ілімнің нәтижесінде бабалар басына зиярат етудің, қайтқан адамның артынан ас берудің өзіндік әдептері мен жөн-жоралғылары жасалды. Дін мен дәстүр сабақтасып, қазақ даласына негізделген дәстүрлі танымның негіздері қалыптасты.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамында діни-ағартушылық бағытта қалам тербеген «кітаби ақындар» мен сыр сүлейлері исламның асыл қасиеттерін өлең сөзбен өрнектеп, көпшілікті имандылыққа шақырды. Абай, Шәкәрім, Шәді төре, Майлы қожа, Қалжан ахун, Аппақ ишан, Марал ишан секілді сөз зергерлері иман негіздерін жырлауда дәстүрлі жолға арқа сүйеді.

Бүгінгі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы – бабалардан қалған сол жолды қайта жаңғыртып, жалғастырушы. Ғасырлар бойына жинақталған қазақтың бай рухани мұрасы мен ислам дінінің асыл қасиеттерін ұштастырып, қайырымды һәм ізгі қоғам жасау жолында игі істерге бастамашы болу да – Мүфтияттың басты мақсаты. Осы мақсаттың үдесінен шығу үшін ислам дінін заманауи бұқаралық ақпарат

құралдары арқылы кеңінен насихаттау, мешіттердің салынуы мен қызмет сапасын арттыру, діни оқу орындарында діни-ағартушыларды дайындау, уақып мәдениетін жаңғырту, ас беру мәдениетін қалыптастыру, бабалар басына зиярат ету мәдениетін бір ізге салу, діни ағарту жұмыстарын ұйымдастыру, жат ағымдардың алдын алу, жамағатты қайырымдылыққа ынталандыру, қазақстандық мұсылмандық мектепті қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуде Мүфтият ғасырлар бойына қалыптасқан діни танымдарға сүйенеді. Сондай-ақ, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау жолында бабаларымыздан мұра болып қалған ана тіліміздің өміршеңдігі жолында қызмет етіп, әдет-ғұрпымыз бен салт-санамызды қайта жаңғыртып, би-шешендер мен қазақ ойшылдарының бай мұрасын насихаттап, жастарды отаншылдық пен патриотизмге баулып, оларды ілім-білім алуға үндеп, отбасылық құндылықтарды сақтауға үндейді һәм атсалысады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қазақ руханиятының негізгі іргетасы – діни һәм ұлттық құндылықтарды насихаттауда бабаларымыздың ғасырлар бойына жинақталған бай тәжірибесі мен бүгінгі заманның озық ойлы жетістіктерін кеңінен пайдаланып, еліміздің рухани тұтастығы жолында қызмет етеді.